

Тың жоба,
тыңғылықты жұмыс



2-бет

Мейірім мен
кәсібилік мекені



4-бет

Қазақтың қымызы
Алексейге
жат емес



8-бет

Құрметті медицина қызметкерлері мен денсаулық сақтау саласының ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке – өз өмірін денсаулық сақтау саласына арнаған дәрігерлерімізге терең құрмет пен шынайы ризашылығымызды білдіретін мәні терең күн.

Барлық уақытта дәрігер мамандығы ерекше құрметке ие болды. Сіздер адам өмірі мен денсаулығын сақтау жолында аянбай еңбек етіп, күн сайын жауапты шешімдерді қабылдайсыздар. Сіздердің кәсіби шеберліктеріңізде көп жылдық оқу, үлкен тәжірибе, және ең бастысы, адамдарға деген жанашырлық пен қамқорлық сыйды қасиеттер жатыр.

Осы орайда денсаулық сақтау саласының ардагерлеріне ерекше алғысымызды білдіргіміз келеді. Сіздердің көпжылдық жұмыстарыңыз, мамандыққа деген адалдықтыңыз бен баға жетпес тәжірибелеріңіз заманауи медицина дамуының сенімді негізі болды. Сіздер қоғамға қызмет етудің ең жақсы дәстүрлерін қалыптастырып, мамандардың бірнеше буынын тәрбиеледіңіздер.

Бұл ретте қарағандылық дәрігерлердің кәсіби деңгейі жоғары бағаланып, мереке қарсаңында Мемлекет басшысы бала өмірін сақтап қалған дәрігерлеріміздің еңбегін ерекше атап өтті. Ал, облыстың медициналық қоғамдастығының бірқатар өкілдері жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды. Бұл күн сайын тұрғындарымыздың денсаулығын сақтау жолында аянбай тер төгіп келе жатқан барлық медицина қызметкерлерінің еңбегіне берілген лайықты баға.

Осынау мереке күні сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, амандық, қызметтеріңізге табыс тілейміз. Медицина қызметкерлері күні құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының
төрағасы

• ЕРТЕҢ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ КҮНІ!

Мейіріммен мерейленген мәртебе

Аймақта Медицина қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтіп, сала үздіктері марапатталды. Адам өміріне араса түсіп, қалтқысыз қызмет етіп жүрген ақ халатты абзал жандарға мемлекеттік наградалар мен облыс әкімінің арнайы сыйлықтары табыс етілді.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ресми марапаттау рәсімі мерекелік концертпен сабақтасып, залға жиналған сала ардагерлері, дәрігерлер, орта буын медицина қызметкерлері мен жас мамандар өңір медицинасының бүгінгі тынысын айшықтаған ерекше сәттің куәсі болды.

Мерекелік жиында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев медицина саласының қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, бірқатар сала үздіктеріне жоғары мемлекеттік наградалар табыстады. Атап айтқанда, Теміртау қаласының көпбейінді ауруханасының директоры Арғын Бидайбаев «Құрмет» орденімен марапатталды. Сондай-ақ, Қарағанды қаласындағы №3 көпбейінді аурухананың онкохирургі Қайрат Қожамбердин мен №1 көпбейінді аурухананың педиатр-дәрігері Галина Юринаға III дәрежелі «Еңбек Данқы» ордені табыс етілді.

Аймақ басшысы өз сөзінде медицина қызметкерлерінің қоғамдағы орны мен еңбегінің өлшеусіз екенін атап өтті.

– Сіздер әр күн сайын адал еңбектеріңізбен еліміздің дамуына өз үлестеріңізді қосып келесіздер. Қазіргі заманда көп нәрсені цифрлармен, технологиялармен және деректерді беру жылдамдығымен өлшеуге болғанымен, ешқандай алгоритмге келмейтін өлшемдер баршылық. Бұл – адамға деген қамқорлық, жанашырлық, науқас адамның өмірін сақтау үшін соңғы минутқа дейін күресу қабілеті. Біздің әрқайсымыз өмірімізде кем дегенде бір рет



дәрігерлер қауымына терең ризашылық сезімінде болғанымыз ақиқат. Осы сәттерде біз сіздердің күн сайын жер бетіндегі ең құнды нәрсе – адам өмірін сақтап қалатындарыңызды анық ұғынамыз, – деді облыс әкімі.

Мерекелік кеш барысында облыс әкімінің денсаулық сақтау саласындағы арнайы сыйлықтары да табысталды. Бұл марапат өңір медицинасының әр буынында адал еңбек етіп жүрген мамандарды қолдауға, олардың кәсіби беделін арттыруға бағытталған.

«Үздік орта медицина қызметкері» аталымы бойынша Осакаров аудандық

ауруханасының хирургиялық кабинет медбикесі Ақмарал Нагметуллина марапатталды. Медицина саласындағы 36 жылдық еңбек жолында ол науқасқа қалтқысыз қызмет етудің, орта буын медицина маманына тән жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсетіп келеді.

«Үздік жас дәрігер» аталымы Қарағанды қаласындағы №1 көпбейінді аурухананың жалпы практика дәрігері Гүлжамал Құрманға берілді. «Үздік акушер-гинеколог» номинациясына облыстық клиникалық аурухананың акушер-гинеколог дәрігері, сарапшы Ирина Пак лайық деп танылды. Ал, «Үздік

жалпы практика дәрігері» аталымы Қарағанды қаласындағы №2 емхананың жалпы практика дәрігері Жанар Ибрагимоваға бұйырды.

Ауыл медицинасындағы жауапты еңбегі үшін Бұқар жырау аудандық ауруханасының жалпы практика дәрігері Бекзат Берістем «Үздік ауыл дәрігері» атанды. «Үздік хирург» номинациясы профессор Х.Ж.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухананың жақ-бет хирургиясы бөлімшесінің меңгерушісі Владимир Дырдаға табысталды.

► 2-бет

Толқында тербелген туризм думаны

Өңірдің туристік әлеуетін арттыру мақсатында биыл төртінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отырған «Balkhash Tour Fest» фестивалі бүгінде еліміздегі ірі мәдени-туристік шаралардың біріне айналды. Биыл фестиваль алғаш рет республикалық мәдени-туристік іс-шаралар күнтізбесіне енгізіліп, мәртебесі жана деңгейге көтерілді. Сондай-ақ, фестиваль тарихында тұңғыш рет дрондар шоуын өткізу жоспарланған.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Таңертеңнен бастап Ақшағыл жағалауына ағылған тұрғындар мен қонақтардың қарасы қалың. Фестиваль аясында жағажай футболынан жарыстар ұйымдастырылып, шығармашылық шеберлік сабақтары, колорнер жәрменкелері мен фудкорттар жұмыс істеуде. Балғын көрермендер үшін арнайы «Көк трактор» ойын-сауық бағдарламасы әзірленген. Ал, кешкі уақытта көпшілік назарына концерттік бағдарлама, лазерлік және дрондар шоуы ұсынылды. Балқаш қаласының әкімі Сапар Сағаев өз сөзінде фестивалдың өңір туризмін дамытудағы маңызына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, соңғы жылдары фестивалдың ауқымы кеңейіп, Балқаштың туристік брэнді ретінде қалыптасуына зор ықпал етіп келетінін баса айтты.

– Фестивальдың басты мақсаты – Балқаш қаласының туристік әлеуетін

арттыру. Ұйымдастырушылар жыл сайын жаңа идеялар ұсынып, жобаның мазмұнын байытып келеді. Биыл балаларға арналған ойын алаңдары мен инновациялық демалыс аймақтары ашылды. Сонымен қатар, сауда орындарының санын өткен жылмен салыстырғанда 20 пайызға көбейттік. Бұл көрсеткіш алдағы уақытта да арта беруді деп сенеміз. Биыл фестиваль өтетін аумақты абаттандыруға арнайы қаражат бөлінді. Нәтижесінде, жаяу жүргіншілер жолы салынып, жарық шамдары орнатылды. Аумақ қоршалып, жаңа сахна бой көтерді. Ендігі мақсат – бұл орында туристер тұрақты келетін танымал демалыс алаңына айналдыру. Жаз бойы мұнда түрлі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылады, – деді Сапар Қайырқұлы.

Облыстық туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская биыл төртінші рет ұйымдастырылып отырған «Balkhash Tour Fest» фестивалінің маңыздылығын атап өтті.



– Осыдан екі-үш жыл бұрын бұл аумақта қажетті инфрақұрылым болмаған. Ал, бүгінде фестивальдың оң ықпалының арқасында өңірге инвесторлар тартылып, бизнестің туристік салаға деген қызығушылығы артты. Қазіргі таңда облыста тури-

стік-рекреациялық аймақтарды дамытуға басымдық беріліп отыр. Мемлекет өз кезегінде инвесторлар үшін ең күрделі әрі шығынды саналатын инженерлік инфрақұрылымды жүргізу міндетін мойнына алған. Осы тәсіл аясында Балқаш жағалауындағы

туристік аймаққа 14 гектар, Қарқаралы өңіріндегі Бұғылы маңына 75 гектар жер бөліп, қажетті инженерлік желілер тартылуға, – деді Ирина Любарская.

Бұл күні Балқаш көлінің базарлы көрінісі тағы бір маңызды шарамен

ажарланды. 2026 жылдың Халықаралық еріктілер жылы болып жариялануына орай Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен Балқаш өңірінде үш күнге созылған Халықаралық еріктілер форумы басталды. Форумның негізгі тақырыбы ретінде экология мәселесі таңдалды. Шараға Түркия, Үндістан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан және Түрікменстаннан келген делегациялар қатысуда. Сонымен қатар, Қазақстанның әр өңірінен жиналған еріктілер бас қосқан. Қатысушылардың басым бөлігі – облыстық «Сарыарқа жастары» еріктілер қозғалысының мүшелері.

Форум аясындағы маңызды шаралардың бірі – «Мөлдір бұлақ» республикалық акциясы. Ертең еріктілер Балқаш көлінің жағалауына тазалық жұмыстарын жүргізеді.

Кешкі уақытта фестиваль сахнасы нағыз думанның орталығына айналды. Көпшілік алдында Мирас Жүгінісов, AYAU, Bellucci, Domino, Nurlan & Murat және Qazaq Band сынды танымал өнер жұлдыздары өнер көрсетіп, өздерінің хит әндерін орындады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Мейіріммен мерейленген мәртебе



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал, «Үздік денсаулық сақтау ұйымдастырушысы» аталымына облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты ЖИТС орталығының директоры Бейбіт Сағымбаев не болды. Кештің ең айшықты сәттерінің бірі – «Мамандыққа адалдығы үшін» номинациясының табыстауы. Бұл марапат облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының фельдшері Анна Хорошашка берілді. Жалпы еңбек өтілі 55 жылды құрайтын маманның өмір жолы – медицинаға адалдықтың, адам өмірі үшін күрес жолындағы

табандылықтың айқын көрінісі. – 1968 жылдан бастап еңбек жолымды Саран қаласындағы жедел жәрдем қызметінде бастадым. Кейін облыс орталығына келіп, осы салада ұзақ жыл еңбек еттім. Бүгін еңбегімді елеп, осындай құрмет көрсетіп жатқанына өте қуаныштымын. Өмірде талай қиын кезеңді де, жауапты сәттерді де бастан өткердік. Қазір медицина бұрынғыдай емес, технология дамыған. Науқасқа дер кезінде көмек көрсетуге мүмкіндік көп. Дегенмен, біздің уақытымыздың да өз қызығы мен қиындығы қатар жүретін. Қазір фельдшерлер бригада болып, топтасып жұмыс істейді.

Ал, біздің кезімізде бір өзіміз бірнеше міндетті қатар атқаратынымыз. Бұл мамандықтың жауапкершілігі өте ауыр. Соған қарамастан, осы жолды таңдағанымға еш өкінемін. Екі балам да менің ізімді жалғап, дәрігер болды. Қазір Астана қаласында қызмет етіп жүр, – деді марапат иесі Анна Хорошашка. Салтанатты кеш концерттік бағдарламамен жалғасты. Сахна төрінде «MEZZO» тобы, онші Бейбіт Қорған, Маржан Арапбаева өнер көрсетіп, ақ халатты жандарға мерекелік көңіл күй сыйлады.

Суреттерді түсірген **Рамазан ЕСМУХАН**

• АГРОКЕШЕН

Ауылды шаруалар дамытады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауылдық аумақтарды дамыту, өңірлердің экономикалық әлеуетін арттыру және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін күшейту жөніндегі тапсырмалары облыс аумағында нақты істермен жүзеге асуда. Бүгінде өңірдегі ірі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өнім өндірумен қатар, өздері еңбек етіп отырған ауылдардың әлеуметтік дамуына да қомықты қаржы бөліп, елді мекендердің көркеюіне үлес қосып жатыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімдігі мен аграрлық сектор өкілдері арасында жасалып жатқан меморандумдар осы бағыттағы жұмыстың жаңа кезеңін айқындауда. Мұндай келісімдер кәсіпкерлердің туған жер алдындағы жауапкершілігін арттырып, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік беріп отыр.

Нақты айтсақ, алғашқы меморандумдар Осакаров ауданында рәсімделді. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға қосымша міндеттемелер алған шаруашылықтар қатарында «Найдоровское» ЖШС, «Ясная поляна» шаруа қожалығы, «Садовое и К» ЖШС, «Жатва» ЖШС, «Рассвет» ЖШС, «ПКФ «АГРОСОЮЗ» ЖШС және «Жана Ай» ЖШС бар.

Жалпы алғанда, кәсіпкерлер тарапынан ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған инвестиция көлемі 700 миллион теңгеден асады. Бұл қаражат елді мекендердің инфрақұрылымын жақсартуға, жолдарды жөндеуге, ауылдарды абаттандыруға, әле-

уметтік нысандарды жаңғыртуға және спорттық инфрақұрылымды дамытуға жұмсалмақ.

Соңғы жылдары ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін көтеру мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының біріне айналды. Сондықтан жол, жарық, спорт және әлеуметтік нысандар сияқты күнделікті тұрмысқа қажетті мәселелерді шешуге бизнес өкілдерінің де атсалысуы ерекше маңызға ие.

Мұндай игі бастаманың жарқын мысалы Абай ауданында жүзеге асырылмақ. Ауыл шаруашылығы саласында табысты еңбек етіп келе жатқан «ШАНС» шаруа қожалығы Көксу ауылында заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды қолға алды. Болашақ спорт нысаны ауыл тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізуіне, жастардың спортпен тұрақты айналысуына және салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көксу ауылы бүгінде қарқынды дамып келе жатқан елді мекендердің бірі саналады. Мыңнан астам тұрғыны бар ауылда жаңа спорт кешенінің бой көтеруі тұрғындардың көптен бергі сұра-

нысының орындалуына жол ашады. Қазір нысанның жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп жатыр. Құрылыс аяқталған соң кешен ауылдың қоғамдық және спорттық өмірінің маңызды орталығына айналмақ.

Осындай жұмыстар Бұқар жырау ауданында да жалғасуда. Мұнда ауылдық инфрақұрылымды жақсартуға және тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған бірқатар әлеуметтік жобалар қолға алынған.

Мамандардың пікірінше, мемлекет пен бизнестің өзара әріптестігі ауылдық аумақтарды дамытудағы тиімді тетіктердің біріне айналып келеді. Бұл тәжірибе жергілікті бюджетке қосымша салмақ түсірмей-ақ әлеуметтік маңызды бар жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сала мамандарының айтуынша, аграршылардың туған ауылдарының тағдырына бейжай қарамай, әлеуметтік бастамаларды қолдауы өңірдегі оң өзгерістердің қарқынды күшейте түседі. Әсіресе, спорт нысандарының салынуы, жолдардың жөнделуі мен ауылдардың көркеюі тұрғындардың әл-ауқатына тікелей әсер етеді.

Бүгінде Қарағанды облысында қалыптасып келе жатқан бұл тәжірибе бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің нақты көрінісі болып отыр. Туған жердің дамуына салынған әрбір инвестиция ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды кадам ретінде бағаланады.

Тың жоба, тыңғылықты жұмыс

Облыста ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған жұмыстар жыл сайын жаңа мазмұнға ие болып келеді. Өңірде агроөнеркәсіптік кешенді қолдау, өндірісті жаңғырту, жаңа жұмыс орындарын ашу, коммуналдық инфрақұрылымды жетілдіру және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Мұндай оң өзгерістердің нақты көрінісін Бұқар жырау ауданынан анық байқауға болады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жуырда ауданға жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Ермаганбет Бөлекпаев ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жұмысымен танысып, өндірістік нысандарды аралап, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылу барысын көрді. Сапар барысында ауыл экономикасын дамыту мен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері негізгі назарда болды.

Бүгінде облыс аумағында ауыл тұрғындары жеке еңбектің мүмкіндігін ұжымдық күшпен ұштастырып, кооперативтерге бірігу арқылы өз кәсіптерін дамытып келеді. Мемлекеттік қолдау шаралары мұндай бастамалардың табысты жүзеге асуына жол ашуда.

Бұқар жырау ауданында қазіргі уақытта мемлекет қолдауына ие болған 20 ауыл шаруашылығы кооперативі жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға, өндіріс көлемін арттыруға және жергілікті нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етуге үлес қосып келеді. Осындай табысты жобаның бірі – Үштөбе ауылында ашылған «DG-сүт» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі.

Небәрі бір жылда бұл кәсіпорын шағын өндірістен өңірдегі перспективалы жобалардың біріне айналып үлгерді. Облыс әкімі Ермаганбет Бөлекпаев кооператив мүшелерімен кездесіп, өндірістің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты. Кооператив төрағасы Күләш Серікованың айтуынша, жоба аясында 50-ге жуық жеке шаруашылық біріктірілген. Бұл ауыл тұрғындарына өнім өткізу мәселесін шешуге және тұрақты табыс табуға мүмкіндік беріп отыр.



Қазір цехта 11 адам еңбек етеді. Бір жыл ішінде өндіріс қарқыны едәуір өсіп, қайта өңдеу көлемі тәулігіне бір тоннаға жеткен.

Кәсіпорынның өнім түрлері де жылдан-жылға көбейіп келеді. Бүгінде мұнда сары май, қаймақ, сүзбе өндірілумен қатар жұмсақ ірімшік пен ұлттық тағам саналатын құрт дайындалады. Өнімдер аудан мен облыстағы балабақшаларға, мектептерге және өзге де мемлекеттік мекемелерге жеткізіледі. Сонымен қатар, кооператив сауда үйлерімен келісімшарттар жасасып, өнім өткізу аясын кеңейтіп келеді. Кәсіпорын алдағы уақытта өндірісті жаңа деңгейге көтеруді көздеп отыр.

– «Ауыл аманаты» бағдарламасымен шағын несие алып, сүт және ашыған сүт өнімдерін өңдеуге арналған жабдық сатып алдық. Енді қайта өңдеу көлемін тәулігіне үш тонна ұлғайтып, қосымша 10 жұмыс орынын құруға мүмкіндік аламыз, – дейді Күләш Серікова.

Мамандардың пікірінше, мұндай жобалар ауыл экономикасын дамытуға серпін береді. Алдымен, тұрғындардың табысы артып, жұмыс орындары көбейсе, екіншіден өндірістің азықтүлік қауіпсіздігі нығая түседі.

Жұмыс сапары барысында облыс әкімі ауданның ірі кәсіпорындарының бірі – «Ақнар» құс фабрикасында болды. Кәсіпорында өндірісті цифрландыру және автоматтандыру бағытындағы жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Соның бір дәлелі – жасанды интеллект элементтерімен жабдықталған жаңа құс қорасының іске қосылуы. Мұнда орнатылған ақылды



климаттық бақылау жүйесі барлық көрсеткішті тәулік бойы нақты уақыт режимінде бақылап отырады. Бағдарлама құстың жасына, салмағына және сыртқы орта жағдайларына қарай қажетті параметрлерді автоматты түрде реттейді.

Нәтижесінде құстардың өсуіне қолайлы орта қалыптасып, өнім сапасы жақсарды. Сонымен бірге, жабдықтарды тиімді басқару арқылы энергия ресурстары үнемделеді. Өндірісті жаңғырту мұнымен шектелмейді.

Облыс әкімі 20 мың басқа арналған жаңа құс фабрикасын құрылысымен де танысты. Кәсіпорын директоры Виктор Колчевтің айтуынша, биыл Үштөбе аумағында алты жаңа құс қорасын іске қосу жоспарланған. Бұл нысандар үшін барлық қажетті заманауи жабдықтар сатып алынған.

зылып, әрқайсысының қуаты 4 мегаватт болатын бес қазандық орнатылған.

Мердігер ұйым құрылыс жұмыстарын жақын арада толық аяқтауы тиіс. Одан кейін нысанның сенімділігі мен қауіпсіздігін тексеру үшін кешенді сынақтар жүргізіледі.

Жаңа қазандық іске қосылған соң кент тұрғындары тұрақты әрі сапалы жылумен қамтамасыз етіледі. Бұл алдағы жылыту маусымында халық үшін әлдеқайда қолайлы жағдай қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұқар жырау ауданында тұрғындардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған маңызды жобалардың бірі Ақбел ауылында жүзеге асты. Мұнда төрт елді мекенге қызмет көрсететін жаңа ауылдық өрт сөндіру бекеті ашылды. Бекет шамамен 900 тұрғынның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Салтанатты ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Арынов, облыс әкімі Ермаганбет Бөлекпаев, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты. Өңір басшысы жаңа нысанның ауыл тұрғындары үшін маңызы зор екенін атап өтті.

– Жаңа бекет – ең алдымен адамдардың қауіпсіздігі. Ол төтенше жағдайларға тезірек ден қоюға мүмкіндік береді. Мұндай нысандар ірі өрт сөндіру бөлімдерінен алыс орналасқан ауылдық елді мекендер үшін ерекше маңызды. Биыл біз ауылдық жерлерде екінші өрт сөндіру бекетін ашудамыз. Алда біздің өрт сөндірушілерге жағдай жасау бойынша әлі көп жұмыс бар, – деді Ермаганбет Бөлекпаев.

Жаңа нысан Төтенше жағдайлар министрлігінің «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында ашылған. Министр Шыңғыс Арынов бұл бағыттағы жұмыстардың алдағы уақытта да жалғастынып айтты.

– Біздің мақсатымыз – әрбір ауылда жеке өрт сөндіру бекетінің жұмыс істеуі. Бұл жай ғана жаңа ғимарат емес, адамдардың қауіпсіздігіне, жедел әрекет етуге және елді мекендерді төтенше жағдайлардан қорғауға нақты кепілдік. Тек осы жылы ғана облыста 18 ауылдық өрт сөндіру бекетін саламыз және бұл жұмысты жалғастыратын боламыз, – деді министр.

Жаңа бекет барлық қажетті техникамен, жабдықтармен және байланыс құралдарымен қамтамасыз етілген. Бөлімшенің



қарамағында заманауи арнайы автокөліктер бар. Олар шақыруларға жедел шығып, соның ішінде, қолжетімділігі қиын елді мекендерге де уақытылы жетуге мүмкіндік береді.

Бұқар жырау ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры Владимир Малышкиннің айтуынша, бекет алты қызметкермен жасакталған.

– Бекет қызметкерлері Ақбел ауылдық округі мен оған қарасты елді мекендердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Олар тұрғын үйлердегі өрттермен қатар округ аумағындағы дала өрттерін де сөндіреді. Бұл үшін мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жолға қойылған. Радио және телефон байланысы ұйымдастырылған. Бекет қажетті құралдармен, «Ермак» өрт сөндіру мобилді кешенімен, сөрелік өрт сөндіргіштермен толық қамтамасыз етілген, – деді ол.

Қызметкерлер үшін де барлық жағдай қарастырылған. Ғимаратта ас бөлмесі, жеке құрамның демалыс бөлмесі және тұрмыстық қажеттіліктерге арналған орындар бар.

Бұқар жырау ауданында жүзеге асырылып жатқан жобалар ауылдық аумақтарды дамыту жұмыстарының жүйелі жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Бір жағынан кооперативтер құрылып, өндіріс көлемі ұлғайып жатса, екінші жағынан жоғары технологиялар енгізіліп, жаңа жұмыс орындары ашылуда. Бұдан бөлек, коммуналдық инфрақұрылым жаңарып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар күшейтілуде.

Облыста ауылдық өрт инфрақұрылымын дамыту жұмыстары әрі қарай жалғасуда. Бөлімшелердің материалдық-техникалық базасы тұрақты түрде жаңартылып келеді. Құтқарушылар жаңа техникамен, заманауи құрал-жабдықтармен, байланыс құралдарымен және қажетті керек-жарактармен қамтамасыз етілуде. Соңғы уақытта қызметке 50-ден астам арнайы техника берілген.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІГАЛЫМ**

• ИНКЛЮЗИЯ

Үнсіз әлемнің жұмбағы

Бұрын «аутизм» ұғымы көпшілікке бейтаныс еді. Ал, қазір бұл диагноз мыңдаған отбасының күнделікті өмірімен біте қайнасып кетті. Соңғы жылдары елімізде аутизм спектрінің бұзылысы диагнозы қойылған балалар саны айтарлықтай өсті. Бұл жағдай қоғамды ғана емес, дәрігерлерді, психологтарды және педагогтарды да алаңдатып отыр.

Денсаулық сақтау министрлігі мен Үкіметтің ресми порталындағы соңғы мәліметтерге сүйенсек, елімізде аутизм спектрінің бұзылысы бар балалар саны бірнеше жыл ішінде шамамен екі есеге өсіп, 16 мыңнан асқан. Болат Өтемұратов Қорының ресми дерегіне сәйкес, бұл дерттің жыл сайынғы өсімі шамамен 35 пайызды құрайтыны көрсетілген. Сонымен қатар, еліміздегі психикалық даму ерекшеліктері бар балалардың ішінде аутизмнің үлесі 43-45 пайызға жуықтаған. Осы дерттің алдын алу мақсатында Қарағандыда «Valran» түзету-дамыту орталығы жұмыс істейді. Бүгінде бұл орталықта 149 бала арнайы қолдаумен қамтылған.



Ғалымдардың зерттеулері де бұл үрдістің қарқынды жүріп жатқанын дәлелдейді. Алайда, еліміздегі аутизм мәселесімен тікелей айналысатын қорлар мен мамандар шынайы көрсеткіш бұдан әлдеқайда жоғары екенін айтады. Жекеменшік клиника мен оңалту орталықтарында аутизм белгілері бар балалар саны 60 мыңның төңірегінде болуы мүмкін деген болжамдар бар.

Көпшілікті мазалайтын ең күрделі сұрақтардың бірі – аутизмнің қашан және қалай пайда болатыны. Мамандардың айтуынша, аутизм кейіннен жүзетін немесе өмір барысында пайда болатын ауру емес. Бұл – туа біткен нейробиологиялық ерекшелік. Халықаралық зерттеулер аутизмнің негізі ана құрсағында, ұрықтың жүйке жүйесі мен миы қалыптасып жатқан кезеңде қаланыптынын көрсетеді. Яғни, бала дүниеге келген сәттен бастап аутизм спектріне болуы мүмкін.

Дегенмен, бұл ерекшелік нәресте туған бойда бірден байқала бермейді. Оның алғашқы белгілері бала әлеуметтік ортамен белсенді қарым-қатынас жасай бастағанын кезеңде көрінеді. Мамандар диагнозы 18-24 айдан бастап нақты анықтауға болатынын айтады. Бала көзге тік қарамайды, өз есіміне жауап бермейді. Сөйлеуі кешігеді тіпті, тілі мүлдем шықпайды. Көрген әрекеттерін жиі қайталайды. Ал, ата-ана мұндай белгілерді көрсе, бірден маманға жүгіну қажеттігін айтады. Қарағандыдағы «Aqulsana» қоғамдық қорының құрылтайшысы, «Valran» орталығының директоры Маржан Тұрлыбекова да аутизмге шалдыққан баланың анасы. Осы тұрғыда өз ойымен бөлісіп, кәсіби тұрғыда түсіндіріп берді.

– Былтыр біздің орталықта 156 бала оңалту курсынан өткен. Алайда, мемлекеттік тапсырыс тоқтағаннан кейін, бала саны 50-ге дейін азайды. Алғашқы екі жылда орталықтағы 100 баланың ішінен 17 бүлдіршіні жалпы білім беретін мектепке қабылданып, қатарға қосылды. Арнайы педагогика саласында бұл мақтануға тұрарлық көрсеткіш. Бүгінде балалар арасында аутизм мен даму тежелуінің не себепті жиілеп кеткенін тап басып айту қиын. Дәрігерлер мен мамандар бұл дертті көпфакторлы (мультифакторлы) деп атайды. Оның ішінде, медициналық екептердің жанама әсері, дұрыс тамақтанбау және тағам сапасының төмендігі, экология да әсер етеді. Сәбидің ана құрсағындағы даму кезіндегі метаболизм мен плацентаның бұзылуы, заманауи дерт цифрлық аутизмді де жатқызамыз. Ата-аналар бұл орталыққа баланың әлеуетін көтеріп, оны әлеуметтік ортаға қосу мақсатымен келеді. Бірақ, бұл бір күнде бітетін жұмыс емес. Мәселен, 3-5 жастағы бала әлі жөргектен арылмаған, көзіңізге тік қарай алмайтын күйде келеді. Мұндай баланы бірден партаға отырғызып, хат таныту – үлкен қателік. Бірінші кезекте баланың базалық қажеттілігін өтеп, әлеуетін көтеру керек. Бағдарламаға нақты кезең-кезеңімен жүйелі қадам жасап, жұмыс істемесек, ешқандай нәтиже болмайды, – деді орталық директоры.

Арнайы маман ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасылардың ішкі психологиялық мәселесін де ашық айтты. Оның айтуынша, ең негізгі түйткіл – ата-ананың бала диагнозын қабылдай алмауы. Көбіне «Мен бәрін түсінемін, қабылдаймын» дегенімен, іштей қатты күйзеліске ұшырайтынын айтады. Соның салдарынан балаға бағытталған шынайы мейірім мен көңіл бөлуінің орнына, шектен тыс шектеу қоятын баса айтады.

– Ата-аналардың қолдауы – балаға әсері зор. Көп ата-ана баласы жылағанда, киім кимей қырсыққанда немесе өзін басқара алмай қалғанда қандай тәсіл қолдану керектігін әдістемелік тұрғыдан жетік білуі тиіс. Біз орталықта ата-аналармен өте көп жұмыс істейміз. Өйткені, көбі диагнозы бар баласын далаға шығаруға ұя-

жалпы педагогикалық мұғалімдерді АВА-терапия және инклюзия психологиясына дайындау керек. Қазіргі таңда кейбір ата-аналардың түсінігі әлі де төмен. Баласының дамуынан ақау көрсе, ғылыми медицина мен арнайы мамандардың көмегіне жүгінуінің орнына балгерлер мен емші-бақсыларды жағалап, уақыт жоғалтады. Соңында бәрібір мамандарға келеді. Бірақ, уақыт өтіп кеткендіктен, оңалту процесі қиындай түседі, – деді Маржан Тұрлыбекова.

Аутист баланың ата-анасы үшін күн сайын үміт пен алаңдаушылық қатар жүреді. Бала қоғамдық ортаға шыққанда ата-ананың бойында түрлі қорқыныш пайда болады. Өйткені, мұндай балалар қоршаған ортаны өзгеше қабылдайды. Қатты дыбыс, жарық немесе адамдардың көптігі олардың жүйке жүйесіне ауыр әсер етуі мүмкін. Кей жағдайда олар қорқынышты айқайлау, жылау немесе өз-өзіне зиян келтіру арқылы білдіреді. Өкінішке қарай, қоғам мұндай әрекеттердің астарында ерекшелік жатқанын түсіне бермейді.

Баланың мектеп жасына жетуі де ата-аналар үшін маңызды кезең. Инклюзивті білім беру жүйесі дамып келе жатқанымен, көп мектепте арнайы мамандар мен педагог-ассистенттер жетіспейді. Аутизм – қоғам мәселесі. Ал, біз бұны тек статистика деп қабылдауға болмайды. Ерекше баланы түсіну, қолдау көрсету және оның қоғамға бейімделуіне жағдай жасау – тек ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан, үнсіз әлемнің тұтқындарын қоғамға бейімдеу әуелі қолдаудан басталады.

Қамила ЖЕКСЕНБИНА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Талап күшейсе, қатер азаяды

Бала қауіпсіздігі – тек бір отбасының емес, тұтас қоғамның жауапкершілігі. Жаз басталған сайын көпқабатты үйлерде балалардың терезеден құлап кету жағдайлары жиілейді. Бұл мәселе – Қазақстанда ғана емес, әлемнің көптеген елдерінде де өзекті. Мамандардың айтуынша, мұндай оқиғалардың басым бөлігі ата-аналардың қысқа уақытқа баланы назардан тыс қалуынан және терезелердің қауіпсіздік құрылғыларымен жабдықталмауынан.

Бұл мәселенің өзектілігін ресми статистика да растап отыр. Биылғы жылдың басынан бері елімізде балалардың терезеден құлауына байланысты 15 оқиға тіркелген. Соның салдарынан 11 бала түрлі дене жаракаттарымен медициналық көмекке жүгінсе, өкінішке қарай 4 бүлдіршінің өмірін сақтап қалу мүмкін болмаған. Ал өткен, 2025 жылы республика бойынша 58 бала терезеден құлап, олардың төртеуі көз жұмған.

Қарағанды облысында да балалардың терезеден құлау деректері алаңдаушылық туғызып отыр. Соның демалыс күндерінің өзінде облыс орталығында екі бірдей оқиға тіркелген. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, жыл басынан бері өңірде балалардың терезеден құлауына байланысты 19 жағдай тіркелген. Осыған байланысты алдын алу шаралары күшейтіліп, көпбалалы және әлеуметтік осал отбасылардың үйлеріне арнайы қорғаныс құрылғылары орнатылуда. Биылғы өзінде облыс бойынша 319 қауіпсіздік құрылғысы мен терезе блокираторы қойылған.

Әлемде балалардың терезеден құлауы мәселесін шешуде Нью-Йорк қаласының тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық. 1970 жылдары қалада жыл сайын жүзден астам бала терезеден құлап, олардың арасында адам өлімі жиі тіркелетін. Осыдан кейін билік арнайы заң қабылдап, көпқабатты үйлерде кемелет жасына толмаған балалар тұратын пәтерлердің терезелеріне міндетті түрде қорғаныс торлары мен шектеу құрылғыларын орнатуды талап етті.

Нәтижесінде бірнеше онжылдық ішінде жағдай түбегейлі өзгерді. Егер заң қабылданғанға дейін жыл сайын жүзден астам оқиға тіркелсе, соңғы жиырма жылда Нью-Йоркте балалардың терезеден құлау жағдайлары жылына 20-дан төмен деңгейге дейін азайған. Мысалы, 2025 жылы қала бойынша 10 жасқа дейінгі балалардың қатысуымен 9 құлау оқиғасы тіркелген.

Нью-Йорк тәжірибесі көрсеткендей, мәселені тек ата-аналардың жауапкершілігіне жүктеу жеткіліксіз. Қауіпсіздік жүйесі заңнамалық деңгейде қамтамасыз етілуі қажет. Бұл қалада маса торы қорғаныс құралы болып саналмайды, ал арнайы терезе қорғаныштары орнату тұрғын үй иелерінің міндетіне жатады. Сонымен қатар,

терезелердің ашылу бұрышын шектейтін құрылғылар кеңінен қолданылады. (nyc.gov)

Ал, Қазақстанда балалардың терезеден құлауы көбіне маусым сайын қайталанатын төтенше жағдай ретінде қарастырылады. Мамандар профилактикалық жұмыстар жүргізілгеннен, көп жағдайда қауіпсіздік шаралары ата-аналардың жеке жауапкершілігіне ғана тәуелді болып отыр. Сондықтан, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, терезелерге қорғаныс құрылғыларын орнату талаптарын күшейту және тұрғын үйлердегі қауіпсіздік стандарттарын жетілдіру балалар өмірін сақтауда маңызды қадамдардың бірі болуы мүмкін. Мұндай қайғылы жағдайлар жағдайлар мамандары бірнеше қарапайым ережені қатаң сақтауына байланысты 19 жағдай тіркелген. Осыған байланысты алдын алу шаралары күшейтіліп, көпбалалы және әлеуметтік осал отбасылардың үйлеріне арнайы қорғаныс құрылғылары орнатылуда. Биылғы өзінде облыс бойынша 319 қауіпсіздік құрылғысы мен терезе блокираторы қойылған.

Әлемде балалардың терезеден құлауы мәселесін шешуде Нью-Йорк қаласының тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық. 1970 жылдары қалада жыл сайын жүзден астам бала терезеден құлап, олардың арасында адам өлімі жиі тіркелетін. Осыдан кейін билік арнайы заң қабылдап, көпқабатты үйлерде кемелет жасына толмаған балалар тұратын пәтерлердің терезелеріне міндетті түрде қорғаныс торлары мен шектеу құрылғыларын орнатуды талап етті.

Нәтижесінде бірнеше онжылдық ішінде жағдай түбегейлі өзгерді. Егер заң қабылданғанға дейін жыл сайын жүзден астам оқиға тіркелсе, соңғы жиырма жылда Нью-Йоркте балалардың терезеден құлау жағдайлары жылына 20-дан төмен деңгейге дейін азайған. Мысалы, 2025 жылы қала бойынша 10 жасқа дейінгі балалардың қатысуымен 9 құлау оқиғасы тіркелген.

Нью-Йорк тәжірибесі көрсеткендей, мәселені тек ата-аналардың жауапкершілігіне жүктеу жеткіліксіз. Қауіпсіздік жүйесі заңнамалық деңгейде қамтамасыз етілуі қажет. Бұл қалада маса торы қорғаныс құралы болып саналмайды, ал арнайы терезе қорғаныштары орнату тұрғын үй иелерінің міндетіне жатады. Сонымен қатар,

Дана НҰРЖАНОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

• САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

Салғырттық соңы – өкініш

Жаз мезгілі басталысымен қоғамды үлкен бір жеңілдік пен алаңсыздық билейтіні жасырын емес. Мектеп қабырғасынан босаған балалар уақытын сыртта, ойын алаңдарында өткізуге асығады. Алайда, дәл осы шуақты күндердің сыртында статистикалық тұрғыдан үш есеге дейін көбейетін қауіп-қатер барын біз жиі ұмытып кетеміз. Ресми мәліметтер дәл осы демалыс кезеңінде балдырғандардың түрлі деңгейдегі техникалық, тұрмыстық және көше апаттарына ұшырауы 30-40 пайызға дейін күрт өседі деседі. Мұның басты себебі – мектептен тыс бос уақыттың шамадан тыс көптігі мен ересектер тарапынан бақылаудың сәл де болса әлсіреуі. Аяқ асты келетін ажал мен қайғылы жағдайларға жол ашатын да осы – біздің қоғам болып танытып отырған салғырттығымыз бен немісқайшылығымыз.



тағы да балалар қауіпсіздігі мәселесіне аударды. Мұнда 10 жастағы бала жоғары вольттық электр желісінің тірегіне шығып кетіп, тоқ соғуы салдарынан биіктен құлаған. Оқиға кешкі уақытта, балалар алаңына жақын маңда, Заводской көшесінде орын алған. Бүгінде зардап шеккен бала облыстық балалар ауруханасының

жансақтау бөлімінде өте ауыр жағдайда жатыр. Баланың туыстары 6000 вольттық кернеуі бар металл бағанның ешқандай қоршаусыз, ашық тұрғанына шағымданады. Осы оқиғадан қатар, Бұқар жырау ауданының Көкпекті ауылында 11 жастағы қыз баланың өзенге түсіп көз жұмуы – өңірдегі жағдайдың қаншалықты ушығып

тұрғанын көрсетті. Бір қарағанда екі түрлі жағдай сияқты көрінгенімен, екеуін біріктіретін ортақ мәселе – балалар қауіпсіздігіне деген немісқайшылық. Электр тоғы да, су да көзге қауіпсіз болып көрінуі мүмкін, бірақ бір сәттік абайсыздық орны толмас қауіпке әкеледі. Жергілікті билік өкілдері, атап айтқанда Долинка кенті әкімінің орынбасары Жасұлан Хамитов алдағы уақытта қызмет көрсетуші ұйым тарапынан қосымша қоршау орнатылатынын мәлімдегенімен, бұл шараның тек қайғылы жағдай орын алғаннан кейін ғана қолға алынуы – жүйелі салғырттықты көрсетеді.

Бүгінде тек электр желілері ғана емес, судағы және жолдағы қауіпсіздік мәселесі де шегіне жетіп тұр. Көшеде велосипед, самокат немесе заманауи электрлі қозғалтқыштарды тізгіндеген жеткіншектердің жол ережесін білмеуі, құлағына құлаққап киіп, телефонға үніліп жолдан өтуі күнделікті әдетке айналды. Арнайы жабдықталмаған, шомылтуға тыйым салынған су қоймаларында үлкендердің қарауынсыз қалған балалардың тағдыры жыл сайын қаралы статистиканы толықтырып отыр. Оған қоса, аптап ыстықта көпқабатты үйлердің терезесінен құлап кететін

сәбилердің қазасы жиіледі. Шыбын-шіркейден қорғайтын тордың қорғаныш емес екенін ата-аналар әлі де жіті түсінбей келеді.

Осы орайда Әлихан Бөкейхан ауданының Полиция бөлімі, Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі бастығының орынбасары полиция майоры Тлек Тубеков ата-аналарға ерекше үндеу жолдап, баланың өмірі мен денсаулығы – ең басты құндылық екенін алға тартады. Тәртіп сақшысы балаларға электр жабдықтарына жақындаудың қауіпті екенін түсіндіруді, терезелерге арнайы қорғаныс құрылғыларын орнатуды және жол қозғалысы ережелерін үнемі үйретіп отыруды талап етеді. Қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтау арқылы ғана көптеген қайғылы оқиғалардың алдын алуға болады.

Баланың амандығы мен алаңсыз күлкісі – кез келген өркениетті мемлекеттің ең басты құндылығы. Ұлттың болашағы. Сондықтан ұрпағымыз үшін қатерден ада, жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру тек бір отбасының ғана мәселесі емес. Бұл – билік пен бұқараның, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Фархат МҰРАТ,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

• АЛҒЫС

Антына адал абзалдық

Жуырда ғана Х.Ж.Мақажанов атындағы облыстық көпсалалы клиникалық ауруханаға шұғыл жағдайда түсіп, білікті дәрігерлердің арқасында дертіме шина тауып, қатарға қосылдым. Жағдайым өте күрделі болғанына қарамастан, өте қысқа мерзімде аяғымнан тік тұрып, дертіме шина қойды.

Осы ретте, кәсіби мереке – Медицина қызметкерлері күні қарсаңында маған екінші өмір сыйлаған алтын қолды шипагерлерге риясыз алғысымды білдіргім келеді.

Ең алдымен, маған шұғыл түрде күрделі ота жасап, өмірімді арашалап қалған аурухана директорының орынбасары, жоғары санатты хирург, білікті дәрігер Ербол Аймағанбетовке ерекше ризашылығымды айтамын. Ербол Маратұлы – өз ісінің нағыз шебері, жүрегі жылы, қолы жеңіл хирург.

Сонымен қатар, отадан кейін мені тікелей өз бақылауына алып, ем-домымды ұйымдастырған терапия бөлімшесінің меңгерушісі, бірінші санатты дәрігер Сандуғаш Асановаға айтар алғысым алғаусыз. Сандуғаш Сағынбекқызының әрбір жылы сөзі мен кәсіби көмегі тезірек сауығып кетуіме үлкен септігін тигізді.

Сондай-ақ, маған күтім жасаған терапия бөлімшесінің барлық орта және кіші медицина қызметкерлеріне, мейірбикелерге тағзым етемін. Антына адал абзал жандардың жанына жамандық жоламасын!

Сіздердің қасиетті де жауапты еңбектеріңізге береке, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Денсаулық сақшылары, мерекелеріңіз құтты болсын!

Ізгі ниетпен
Аманғали
ҚАЛМАҒАНБЕТОВ

• ДЕНСАУЛЫҚ КҮЗЕТІНДЕ

Мейірім мен кәсібилік мекені

Ғаламның ең қымбат қазынасы – адам өмірі десек, сол өмірдің күзетінде тұрған ең ізгі мамандық иелері – медицина қызметкерлері. Сырқатты дерттен айықтырып, жабырқаған жанға жылу сыйлайтын ақ халатты абзал жандардың еңбегі қашан да өлшеусіз. Олар – адам баласының «басы ауырып, балтары сыздап» қиналған сәтте бірінші болып қол созатын, үміт отын жағатын мейірімділік мекені.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көңілдің дауасы

Бүгінде облыстың денсаулық сақтау саласы кең жүйеге айналған. Өңірде 177 медициналық ұйым жұмыс істейді. Оның ішінде 47 аурухана, 38 емхана, 11 дәрігерлік амбулатория, 34 фельдшерлік-акушерлік пункт және 47 медициналық пункт бар. Облыс бойынша 12 249 медицина қызметкері еңбек етеді. Соның 3 940-ы – дәрігер, 8 309-ы – орта медицина қызметкері.

– Соңғы жылдары облыста бірқатар ірі инфрақұрылымдық жоба жүзеге асты. Ұлттық жоба аясында ауылдық денсаулық сақтауды жаңғыртуға ерекше көңіл бөлінді. Өңірде 92 медициналық нысан салынды. Балқаш қаласында заманауи диагностикалық және емдеу жабдықтарымен қамтылған көпбейінді ауданаралық аурухана құрылысы аяқталды. Теміртау қаласындағы көпбейінді ауруханада ангиографиялық операциялық бөлім іске қосылды. Мұның бәрі тұрғындарға күрделі медициналық көмекті өз өңірінде алуға мүмкіндік береді, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Ләйлі Оспанова.

Облыс өткен жылдан бері республикалық телемедицина жобасына белсенді қатысып келеді. Бұл бұл қызметті кеңейту және ауылдық елді мекендер мен аудан орталықтарына қажетті жабдықтармен қамту жұмысы жалғасуда. Жоба аясында 118 телемедициналық жабдық кешенін орнату жоспарланған.

Жедел медициналық көмек қызметі де күшейтіліп келеді. Бытыр облысқа қажетті медициналық жабдықтармен қамтылған 113 заманауи жедел жәрдем көлігі сатып алынған. Қазір өңірде жедел жәрдем қыз-



Сурет: ЖІІ

меті 99 бригадами қамтылған. Әр бригада құрамында екі медицина қызметкері мен бір жүргізуші бар. Жыл басынан бері облыста 164 414 жедел жәрдем шақыртуы тіркелген. Бірінші санаттағы шақыртуларға бригадалардың орташа жету уақыты – 9 минут, екінші санатта – 10,7 минут, үшінші санатта – 11,6 минут, төртінші санатта – 14,1 минут.

Быыл Саран қаласында жаңа жедел жәрдем қосалқы станциясы ашылса, Топар кентінде осындай нысан ашу жоспарланып отыр. Заманауи модульдік қосалқы станциялар шақыртуларға шұғыл әрекет етуге және медициналық бригадалардың тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Жаңа технология – жаңа мүмкіндік

Медицина – үздіксіз жаңарып отыратын сала. Бүгінгі дәрігердің қолындағы құрал да, емдеу тәсілі де, шешім қабылдау жүйесі де бұрынғыдан өзгерген. Сол бағытта өңірде жоғары технологиялы медициналық көмек кардиохирургия, нейрохирургия, травматология және ортопедия, жалпы хирургия, урология, гинекология, онкология, репродуктология және балалар хирургиясы бағыттары бойынша көрсетілді.

Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханада Қазақстанда алғашқылардың бірі болып нейрохирургиялық Remebot RM-200

роботы енгізілді. Бұл құрылғы миға жасалатын аса дәл операцияларды орындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өңірде кардиохирургиялық және эндоваскулярлық көмектің қолжетімділігі де артып келеді. Быыл Балқаш пен Теміртауда ангиографиялық кешендерді іске қосу жоспарланған. Бұл жүрек-қан тамырлары аурулары кезінде шұғыл араласуды өңірлердің өзінде жүргізуге жол ашады.

Онкологиялық инфрақұрылым да жүйелі түрде нығайтылып жатыр. Онкологиялық орталықтың операциялық-реанимациялық блогының құрылысы аяқталуға жақын. ПЭТ/КТ орталығы салынып жатыр.

Ана мен бала саулығы – басты назарда

Өңір медицинасында ана мен бала денсаулығын сақтау бағытына айрықша көңіл бөлініп отыр. №1 перинаталдық орталыққа күрделі жөндеу аяқталған. Қарағанды қаласында 200 орындық жаңа перинаталдық орталық салу жұмысы жүргізілуде. Медициналық ұйымдар жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелерге көмек көрсетуге арналған заманауи жабдықтармен қамтылып келеді.

Облыста ерте араласу бағытындағы 25 орталық ашылған. Емханалар жанындағы әйелдер консультациясы дамып, мектеп стоматологиясы жолға қойылуда. Балалар денсаулығын

қорғау саласында оқу-әдістемелік орталықтың құрылуы да маңызды қадамның бірі.

Быыл өңірде «AMAN SAYA» модельді балалар паллиативтік орталығының құрылысы басталды. Ал, Балқашта «Қазақстан халқына» және «Қамқорлық» қорларының қолдауымен балаларға арналған оңалту орталығы ашылмақ.

Осы жүйелі жұмыстың нәтижесінде өңірде бірқатар маңызды көрсеткіш бойынша оң динамика қалыптасты. Нәрсете өлімі 45,7 пайызға, бала өлімі 46 пайызға төмендеген. Ана өліміне жол берілмеген.

Кадр – саланың құретамыры

Медицинада ғимарат та, құрал-жабдық та маңызды. Бірақ, бәрінен бұрын адам капиталының орны бөлек. Өйткені, ең озық аппараттың өзі оны меңгерген білікті мамансыз нәтиже бермейді. Сондықтан, өңірде дәрігерлерді, әсіресе, ауылға баратын жас мамандарды қолдау шаралары жалғасып келеді.

Бытыр облысқа 195 жас маман келген. Оның 70-і ауылдық аудандарға жолданған. 63 маманға көтерме жәрдемақы төленген. Біржолғы қолдау көлемі 1,5 миллион теңгеден 8,5 миллион теңгеге дейінгі аралықты құрайды. Нұра ауданында дәрігерлерге арналған 14 пәтерлі үй пайдалануға берілген. Сонымен қатар жергілікті бюджет есебінен резидентураға 130 грант бөлінді.

Жас мамандарға көтермеақы, бюджеттік кредит, қызметтік тұрғын үй, резидентурада оқу мүмкіндігі, қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламалары ұсынылады. Мұның бәрі өңірдегі кадр тапшылығын азайтып, дәрігерлерді тұрақтандыруға бағытталған.

Тәуекел хәм төзім

Медицина – үлкен жауапкершілік пен адам өміріне адалдықтың мектебі. Түн баласы көз ілмей кезекшілікте жүріп, әрбір соккан жүректің лүпілін күзету – ерлікпен пара-пар еңбек. Олар біздің денсаулығымызды күзетіп, кейде өз денсаулығын тәуекелге тігеді. Пандемия, төтенше жағдай, жол апаты, шұғыл операция, жедел шақырту секілді сын сағаттарда алдыңғы шептен табылатын да осы ақ халатты жандар.

Қолы шипалы, жүрегі мейірімді дәрігерлеріміз бен мейірбикелеріміздің еңбегі елене берсін!

Мерекелеріңіз құтты болсын, шипагерлер!

• ЖОБА

Ауыл медицинасында серпінді бастама

Бүгінде Қарағанды облысының ауылдық елді мекендерінде денсаулық сақтау нысандарын дамыту жалғасуда. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында тоғыз ауылда алғашқы медициналық-санитарлық көмек пункттері салынып жатыр. Қайтарылған активтер есебінен бой көтерген жаңа медициналық жеті нысан ауылдардағы алғашқы медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруда.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жұмыстар қазіргі таңда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауылдық жерлердегі әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі нақты тапсырмалары аясында жүзеге асырылуда. Президент бұған дейін ауыл медицинасын жаңғырту – мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар бағыт екенін атап өткен болатын. Соған сәйкес, қайтарылған активтерден түскен қаражат ел игілігіне жұмсалып, әлеуметтік нысандардың құрылысына бағытталды.

Соңғы екі жылда облыстың бірнеше ауданында жаңа медициналық мекемелер ел игілігіне берілді. Ақтоғай ауданында жаңа медициналық пункт ашылса, Шет ауданында заманауи талаптарға сай жаңа ғимарат жұмысын бастады. Мысалы, Ақтоғайдағы жұқпалы аурулар бөлімшесі күрделі жөндеуден өтті, құрал-жабдықтар жаңартылды. Жас мамандарды тарту үшін көтерме жәрдемақы мен тұрғын үй ұсынылды. Алайда, әлі де кадр тапшылығы бар. Ауданға акушер-гинеколог, жалпы тәжірибе дәрігері және инфекционист қажет екенін айта кеткен жөн.

Балқаштан келген жас маман Әлихан Махамбет 2024 жылы Қарағанды медицина университетін бітіріп, Ақтоғай аудандық ауруханасына терапевт болып орналанды.

– Мен қиындықтардан қорықпаймын. Екінші курстан бастап, санитар болып жұмыс істедім. Ақтоғайды өзім таңдадым. Маған үй берілді, 8,5 млн теңге көлемінде көтерме жәрдемақы алдым. Ауылда жұмыс істеу – зор тәжірибе, – деді Әлихан.

Шет ауданына қарасты Жұмыскер,



Ақшатау, Төменгі Қайрақты, Көктінкөл, Бұрма, Киікті ауылдарындағы заманауи фельдшерлік-акушерлік пункттер де процедуралық, егу, тексеру кабинеттерімен жабдықталған.

Сонымен қатар, Абай және Бұқар жырау аудандарындағы фельдшерлік-акушерлік пункттер мен дәрігерлік амбулаториялар іске қосылғанын айта кеткен жөн. Нәтижесінде ауыл тұрғындары үшін медициналық көмектің қолжетімділігі айтарлықтай артты. Атап айтсақ, Байқадам, Сарытобе және Тоғызқұдық ауылдарындағы жаңа нысандардың жұмысы қарқынды жүрді. Әсіресе, Тоғызқұдық ауылындағы дәрігерлік амбулатория толыққанды медициналық көмек көрсетуге бейім. Нысан ауысымына сай 45 адамды қабылдай алатын мүмкіндікке ие болып, қазіргі таңда ауылда 1100-ден астам тұрғынға көмек көрсетуде. Мұнда бір дәрігер, екі медбике және акушер жұмыс істейді.

– Тоғызқұдық ауылындағы жаңа дәрі-

герлік амбулаторияда барлық қажетті жағдай жасалған. Мұнда бір дәрігер, екі медбике және акушер жұмыс істейді. Дәрігер науқастарды қабылдап, диагноз қойып, ем тағайындайды, медбикелер күнделікті ем-шараларды жүргізіп, еке салу мен бақылау жұмыстарын атқарады, ал акушер ана мен бала денсаулығын қадағалап, тиісті медициналық көмекті көрсетеді. Қазіргі таңда біз ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық көмекті толық көлемде көрсетіп отырмыз, – дейді медициналық мекеме қызметкерлері.

Тоғызқұдықтағы жаңа амбулатория пешпен жылытылатын ғимараттың орнына салынғандықтан толық жаңартылған заманауи медициналық орталыққа айналды. Мұнда физиотерапия, емдік дене шынықтыру кабинеттері, күндізгі стационар, жөтел кабинеті және бейне-кольпоскоп қарастырылған. Сонымен қатар, инфекциялық ауруға күдікті науқастар үшін бөлек кіреберістер жасалып, қауіпсіздік

талаптары толық сақталған.

– Бұрын қызметкерлер пешпен жылытылатын бейімделген ғимаратта жұмыс істеуге мәжбүр болатын. Қазір бізде заманауи үлгідегі амбулатория бар, мұнда алғашқы медициналық көмек көрсетуге қажеттінің бәрі қарастырылған. Сонымен қатар, физиотерапия, емдік дене шынықтыру кабинеттері, күндізгі стационар, жөтел кабинеті, бейне-кольпоскоп бар. Жұқпалы ауруға күдікті науқастар үшін бөлек кіреберістер жасалған. Кадр тапшылығы көтермеақылар, тұрғын үйге берілетін пайызсыз неснелер арқылы шешілуде. Жақында бізге «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша жас дәрігер мен медбике келді, – деді Орталық аудандық аурухананың бас дәрігерінің міндетін атқарушы Айгүл Мергенбаева.

Бұқар жырау ауданы әкімдігінің мәліметінше, ауданда соңғы жылдары 24 медицина қызметкері жұмысқа тартылған. Олардың қатарында жалпы тәжірибе дәрігерлері, хирург, педиатр, фармацевтер, акушерлер мен медбикелер бар. Билы тағы бірнеше маман жұмысқа орналасып, алдағы уақытта терапевт, акушер-гинеколог және анестезиолог-реаниматологтардың келуі күтілуде. Бүгінде аудан бойынша 54 денсаулық сақтау нысаны жұмыс істейді, ал тағы бірнеше нысанның құрылысы жалғасып жатыр.

Облыс әкімдігінің мәліметінше, өңірдегі ауылдық жерлерде барлығы 92 медициналық нысан салынуда. Бұл – республика бойынша жоғары көрсеткіш.

Осылайша, жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттер мен дәрігерлік амбулаториялардың салынуы – шалғай ауылдардағы алғашқы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Бұл нысандар тұрғындарға медициналық қызметті жақын жерден алуға жағдай жасап тұр. Шұғыл көмек көрсету жүйесін де ретке келтірген.

Сонымен қатар, аталған бастама ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау саласын кезек-кезеңімен жаңғыртуға серпін беріп отыр. Құрылыс жұмыстарының кең көлемде жүргізілуі өңірдегі әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына айтарлықтай сеп.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЛЕБІЗ

Жанға демей демей

Денсаулық – адам баласына берілген ең қымбат қазына десек, сол құндылықтың күзетінде кірпік қақпай тұратын ақ халатты абзал жандардың жөні бөлек. Әсіресе, тағдырдың сынағымен бетпе-бет келіп, сырқат меңдеген сәтте жылы сөзімен жанға демей, шипалы емімен тәнге қуат болатын дәрігерлердің еңбегі өлшеусіз. Кәсіби мереке – Медицина қызметкерлері күні қарсаңында мен өзім ұзақ жылдардан бері тұрып келе жатқан Абай қаласының аурухана ұжымына жүрек-жарды ризашылығымды білдіруді азаматтық парызым санадым.

Денсаулығымға байланысты ақ халатты жандардың тұрақты бақылауында жүргеніме быыл ширек ғасырға жуықтапты. Осынау жиырма бес жылға жуық уақыт ішінде жергілікті аурухананың ұжымы маған тек емдеуші мекеме емес, жылулығы мен мейірімді үйлескен үлкен бір қарашаңырақтай болып кетті.

Осы ретте, ұжымның жұмысын жүйелі елемелушілерге қолайлы жағдай жасап отырған Абай қалалық ауруханасының директоры Берік Оспановқа және директордың орынбасары Темір Армияновқа басқарушылық біліктілігі мен азаматтығы үшін алғысым шексіз.

Сондай-ақ, өзім ұзақ уақыт емделіп, кәсіби деңгейлеріме тәнті болған невролог дәрігерлер Жұпар Асқарованы мен Айдынбек Өтегеновты, психиатр Людмила Ткаченконы ерекше атап өткім келеді. Бұл мамандар – өз ісіне ана адал емес, ең алдымен науқастың жан дүниесін ұғатын, адамгершілік туын биік ұстаған нағыз жүрек шипагерлері. Олардың жылы жұмысы мен жігер беретін сөздерінің өзі дертті жетуге үлкен күш береді.

Дәрігердің мейірімді алақаны мен қамқорлығы бар жерде қоғамымыздың да еңсесі тік, өміріміз мәнді. Жанға шипа сыйлаған барша медицина қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтаймын!


Кәмилә ИБРАЕВА,
зейнеткер,
Абай қаласының тұрғыны

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Перизат Өмірзақова:

Баланың саулығы ата-анаға байланысты

Бала ауырса, ең әуелі ата-ананың жүрегі сыздайды. Ал, сол сәтте дәрігерге жүктелер жауапкершілік екі есе ауырлай түседі. Өйткені, балалар медицинасы – тек диагноз қойып, ем тағайындайтын сала емес, ол – баланың жанын түсіну, ата-ананың алаңын сейілету, үміт пен сенімді қатар ұстау мектебі. Медицина қызметкерлері күні қарсаңында Қарағанды қаласының көпбейінді балалар ауруханасының директоры, жоғары санатты педиатр-дәрігер, III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің иегері Перизат Ахметқызымен балалар денсаулығы, ата-ана жауапкершілігі, педиатрия саласының бүгінгі тынысы туралы аз-кем әңгімелестік.



– Перизат Ахметқызы, балалар дәрігері болу таңдауыңыз қалай қалыптасты?

– Менің дәрігер ретінде қалыптасу жолым 1990 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің педиатрия факультетіне оқуға түскен кезден басталды. 1996 жылы оқуымды тәмамдап, интернатурадан өткеннен кейін бірден туған өлкем – Қарқаралы ауданына жолдама алдым. Ауылдық жердегі он жылдық еңбек жолым мен үшін үлкен кәсіби мектеп болды.

Ол жерде тек жалпы балалар дәрігері болып қана қойған жоқпын. Перзентханада неонатолог болып жұмыс істедім, инфекциялық бөлімді де басқардым. Ауыл медицинасы дәрігерді жан-жақты болуға, шұғыл шешім қабылдауға, әр науқастың жағдайына ерекше жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Қалалық жердегідей тәжірибелі мамандар үнемі қасында бола бермейді. Сондықтан, әр баланың тағдырына тікелей жауапкершілік арқалайсың.

Сол жылдары жинаған тәжірибем кейін Қарағанды қаласының көпбейінді балалар ауруханасына ауысқанымда үлкен тірек болды. 2006 жылы осы ауруханаға келіп, дәрігерлік қызметімді жалғастырдым. Кейін директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары болдым. Ал, 2014 жылдан бері осы қарашаңырақ балалар ауруханасының директоры қызметін атқарып келемін.

– Бүгінде сіз басқарып отырған аурухана қандай бағыттар бойынша жұмыс істейді?

– Біздің аурухана – 200 төсектік үлкен көпсалалы орталық. Мұнда кардиология, пульмонология, нефрология, аллергология, палиативтік көмек және жансақтау бөлімдері үздіксіз жұмыс істейді. Жылына шамамен 7 мыңға жуық бала ем қабылдайды.

Балалар ауруханасын басқару оңай шаруа емес. Мұнда тек мықты менеджер болу жеткіліксіз. Себебі, біздің қолымызда елдің ертені – балалардың тағдыры

тұр. Сондықтан, дәрігерлердің біліктілігін арттыру, емдеу сапасын бақылау, әр бөлімнің жұмысын үйлестіру – күнделікті назардағы мәселе.

– Балалар медицинасының ерекшеліктері медицинасынан басты айырмашылығы неде?

– Педиатрияның ең үлкен ерекшелігі – біз тек аурумен емес, бала жанымен, бала психологиясымен жұмыс істейміз. Әр жастағы баланың қабылдауы, ауырынуы сезінуі, дәрігермен байланыс орнатуы әртүрлі.

Мысалы, жасөспірімдер немесе тілі шыққан балалар қай жері ауырып тұрғанын айтып, өз ойын білдіре алады. Олармен сөйлесуге, түсіндіруге, диалог орнатуға болады. Ал, сәбилер мен кішкентай бүлдіршіндер ауырған жерін көрсете алмайды, мұның шаға алмайды. Олар тек жылауы арқылы белгі береді. Мұндай кезде дәрігерге кәсіби біліммен қатар ерекше сезімталдық, байқағыштық, аналық жүрек қажет.

– Көпжылдық тәжірибеңізде ауыл балалары мен қала балаларының денсаулығында айырмашылық байқайсыз ба?

– Иә, айырмашылық бар. Ауыл балаларының иммунитеті көбіне мықтырақ болады. Оның себебі – табиғи қиамқтану, таза ауа, қозғалыстың көптігі. Сонымен қатар, ауылдық жерде кейбір профилактикалық бақылаулар жүйелі жүргізіледі. Бала дәрігердің назарынан тыс қалмайды.

Ал, қала балалары жиі ауырады. Себебі, қалада халық тығыз. Балалар балабақшада, мектепте, үйірмелерде бір-бірімен көп қарым-қатынаста болады. Маусымдық вирустар мен инфекциялар тез таралады. Қалада вирустың таралу қаупі жоғары. Сондықтан, ата-аналар баланың иммунитетін күшейтуге, күн тәртібіне, тамақтануына, ұйқысына ерекше мән беруі керек.

– Қазір балалар арасында қандай аурулар жиі кездеседі?

– Маусымдық кезеңдерде респираторлық вирустық инфекциялар, тыныс жолдары аурулары жиі кездеседі. Сонымен қатар, аллергиялық сырқаттар, созылмалы аурулардың асқынуы, инфекциялық аурулар бар. Құз-қыс айларында ауруханаға түсетін балалар саны артады.

Соңғы уақытта бізді алаңдатып отырған үлкен мәселенің бірі – қызылша ауруының қайта өршуі. Мұның басты себебі – кейбір ата-аналардың вакцинациядан бас тартуы. Кезінде екпе алмаған балалар қазір соның зардабын тартып отыр.

– Вакцинация мәселесіне қатысты не айтар едіңіз?

– Қызылша жай ғана бөртпе шығатын жеңіл ауру емес. Бұл – өте агрессивті вирус. Оның салдары ауыр болуы мүмкін. Қызылша пневмонияға, жүрек-қан тамырлары жүйесінің зақымдануына және басқа да күрделі асқынуларға әкелуі ықтимал.

Сондықтан, ата-аналарға екпенің маңызын түсіндіріміз керек. Вакцинация – баланы ғана емес, тұтас қоғамды қорғайтын шара. Егер екпе уақытында жасалса, көптеген қауіпті аурудың алдын алуға болады. Біз ауру асқынғаннан кейін емдегеннен гөрі, оның алдын алған әлдеқайда тиімді екенін ұмытпауымыз керек.

– Сіз бір сөзіңізде бала саулығы тұтастай ата-ананың жауапкершілігіне байланысты екенін айттыңыз. Осы ойды тарқатып берсеңіз...

– Иә, менің көпжылдық тәжірибемнен түйген бір қағидам бар. Бала саулығының 20 пайызы ғана дәрігерге байланысты болса, қалған 80 пайызы ата-ананың күтімі мен жауапкершілігіне тәуелді.

Баланың күнделікті күтімі, дұрыс тамақтануы, ұйқы режимі, қозғалысы, гигиенасы, салауатты өмір салты ең алдымен

отбасында қалыптасады.

Егер ата-ана баланың дене қызуы көтерілгенін, мінез-құлқында өзгеріс болғанын, тәбеті төмендегенін, тыныс алуы қиындағанын байқаса, өз бетінше ем жүргізбей, бірден дәрігерге жүгінуі керек. Уақыт жоғалту кейде аурудың асқынуына әкеледі. Ата-ана бала денсаулығына жауапкершілікпен қараса, ауруханаға түсетін балалар саны да азаяр еді.

– Баланы өз бетінше емдеу мәселесі әлі де бар ма?

– Өкінішке қарай, бар. Кейбір ата-аналар интернеттен оқыған кеңеске сүйенеді, танысының айтқан дәрісін береді немесе антибиотикті өз бетінше қолданады. Бұл өте қауіпті. Әсіресе, бала ағзасы нәзік болғандықтан, кез келген дәріні дәрігердің нұсқауынсыз беру дұрыс емес.

Әр баланың жағдайы әртүрлі. Бір балаға көмектескен дәрі екінші балаға кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан, ата-аналарға айтармыз – баланың денсаулығына қатысты кез келген күмәнді жағдайда маманға жүгіну керек.

– Балалар ауруханасында еңбек ететін дәрігерлер мен мейірикерлердің жұмысы сырт көзге көп байқала бермейді. Сіз ұжым еңбегін қалай бағалайсыз?

– Балалар ауруханасында жұмыс істейтін әрбір медицина қызметкерінің еңбегі ерекше. Дәрігер де, мейірикер де, санитар да, зертхана қызметкері де, қабылдау бөлімінің маманы да бір мақсатқа қызмет етеді. Ол – баланың сауығып кетуі.

Жансақтау бөлімінде, қабылдау бөлімінде, инфекциялық немесе респираторлық бағытта жұмыс істеу үлкен төзімді талап етеді. Түнгі кезекшілік, шұғыл түскен науқас, ата-ананың алаңы, баланың жағдайы – мұның бәрі медицина қызметкеріне үлкен салмақ түсіреді. Сондықтан, мен әріптестерімнің еңбегін жоғары бағалаймын. Олар күн сайын көзге көрінбейтін, бірақ, өте маңызды жұмыс атқарып жүр.

– Сөз соңында медицина қызметкерлері күні қарсаңында әріптестеріңізге, ата-аналарға қандай негізгі кеңес айтар едіңіз?

– Баланың денсаулығы – ең алдымен, ата-ананың күнделікті назарынан басталады. Дұрыс тамақтану, жеткілікті ұйқы, таза ауа, қозғалыс, уақытылы екпе, профилактикалық тексеру – мұның бәрі өте маңызды. Бала ауырса, уақыт осырмай дәрігерге көріну керек. Өз бетінше ем жасауға болмайды. Ең бастысы – ата-ана баланың денсаулығына бейжай қарамаса, көптеген аурудың алдын алуға болады. Балаға ем керек, ал, ата-анаға жауапкершілік пен сенім керек.

– Көп рақмет! Мерекелеріңіз құтты болып, еңбектеріңіз еселене берсін!

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

• МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ

Өмірлік мұратына айналдырған

Медицина – кездейсоқ адам тұрақтай алмайтын, қателікті кешірмейтін қатал да қастерлі сала. Бұл мамандық адамнан тек терең білім мен кәсіби тәжірибені ғана емес, шексіз төзімділікті, сабыр мен жүрек жылуын талап етеді. Әсіресе, күн сайын науқастың мұнымен де, үмітпен де бетпе-бет келетін мейіргер еңбегінің салмағы қашан да ауыр. Осындай жауапты жолды өмірлік мұратына айналдырып, ақ халатына кір жуытпай келе жатқан абзал жанның бірі – Сәуле Тойыбекова.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Сәуле Тәңірбергенқызының медицинадағы еңбек жолы өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастау алады. Медициналық училищені тәмамдаған жас маман 1986 жылы Қарқаралы ауданының Тоқтар ауылына жолдамамен келіп, акушер ретінде алғашқы еңбек жолын бастады.

Акушер болу – тек жаңа өмірдің жарық дүниеге келуіне куә болу ғана емес, сол өмірдің қауіпсіздігі үшін үлкен жауапкершілік. Сәуле Тәңірбергенқызы мұны жастайынан сезінді. Ауылдағы ағайынның қуанышы мен уайымын бөлісе жүріп, дәрігерге деген халық сенімінің қаншалықты қымбат екенін терең түсінді. Бүгінде сол жылдары өзі қолына алған талай сәби бүгінде бір-бір азамат. Олардың арқасының өмір жолында ақ халатты маманның ізгі ізі сайрап жатыр.

Уақыт өте келе кейіпкеріміз еңбек жолын Қарағанды қаласындағы ірі медициналық мекемелерде жалғастырды. Диагностикалық орталықта қызмет атқарып, біліктілігін арттырды. Сұранысы мен қиындығы қатар жүретін онкологиялық бағытта бет бұрып, бұл саланың да өзіндік ауыр жүгін мойнына алды. Соңғы он екі жылдан бері бұрынғы облыстық онкологиялық диспансер, қазіргі №3 көпбейінді ауруханада абыройлы қызмет атқарып келеді.

Емхана табалдырығын аттаған әр науқастың көңіл күйі әртүрлі. Бірі алаңдаулы, бірі үмітті, енді бірі қорқынышын жасыра алмайды. Осындай сындалып сәтте мейіргердің жылы сөзі, байсалды қалпы мен демеуі науқасқа шипадан кем әсер етпейді. Әріптестері де Сәуле Тәңірбергенқызының бойындағы ұқыптылықты, адаммен тіл табыса білу қасиетін және кәсіби тиянақтылығын ерекше бағалайды.

Бүгінде ол – қырық жыл отасқан жары Мейірібек Қапанұлымен бірге шаңырақтың берекесін ұйытып отырған аяулы ана, ардақты әже. Екі қыз тәрбиелеп өсірген Сәуле Тәңірбергенқызы бүгінде төрт немеренің қызығына кенеліп отыр. Қызметте қанша жауапкершілік арқаласа да, отбасының жылуы мен жақындарының қолдауы оған әрдайым күш беріп келеді.

Ақ халат кию – мәртебе, ал, сол халаттың киесін қашырмай, жылдар бойы абыроймен арқалап жүру – нағыз ерлік. Заман өзгеріп, технология дамығанымен, Сәуле Тәңірбергенқызының бойында бір нәрсе өзгерген жоқ. Ол – науқасқа деген шынайы жанашырлық пен өз кәсібін деген шексіз адалдығы.


Сәуле Тәңірбергенқызы секілді өз ісінің шеберлерінің өмірі тек марапатпен немесе атақпен ғана өлшенбейді. Олардың ең үлкен бағасы – халықтың шынайы алғысы, әріптестерінің құрметі мен науқастардың шексіз сенімі. Ал, осындай сенім биігінен көріну – медицина қызметкері үшін ең жоғары мәртебе болса керек.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ДАРА ЕСІМ

Наркескен

Өмірдің әр минуты – адам тағдыры. Аурухана дәлізіндегі үнсіздік кейде мың сөзден де әсерлі. Операциялық бөлменің есігі тарс жабылған сәтте бір отбасының үміті, бір ананың көз жасы, бір баланың арманы — дәрігер қолына аманат. Осындай жауапкершілікті отыз төрт жылдан астам уақыт бойы абыроймен арқалап келе жатқан жанның бірі – жоғары санатты хирург, медицина ғылымдарының докторы Қайрат Танабайұлы Шакеев. Бүгінде ол Қарағанды медицина университетінің профессоры, №3 көпсалалы ауруханасы хирургиялық қызметтің меңгерушісі.



жеңіс – келесі ізденіске бастайтын сүрлеу. Содан бері өткен отыз төрт жыл ішінде ол жүздеген, тіпті, мыңдаған операция жасады. Кейбір науқастардың диагнозы есте үмітсіз көрінгенімен, дәрежелі дәрігердің білімі мен табандылығы олардың өмірін ұзартуға бір жұтым жақсылықтай шарапатты болды.

– Асылында дәрігер тек емдеп қана қоймауы керек болар. Ол үр жаңа білімді жарата біліп, ғылымды алға жылжытуға үлес қосуы тиіс. Қайрат ағаның ұстанымы осындай, – дейді әріптестері оның ғұмырлық кредосына тоқталғанда.

Онкология – медицинаның ең күрделі саласы. Мұнда дәрігер тек аурумен емес, адамның қорқынышымен, үмітпен, кейде тағдырмен қат-қабат күреседі. Кейіпкеріміздің әріптестері оның сабырлығын ерекше бағалайды. Күрделі жағдайларда

асығыс шешім қабылдамайды дейді олар. Әрбір жайтты мұқият саралап, науқастың жағдайын жан-жақты зерттейді. Науқастар оның кәсібилігін ғана емес, адамгершілігін де жиі еске алады. Кейде дәрігердің жылы сөзі мен сенімді көзқарасы емнің бір бөлігіне айналады. Өйткені, адам алдымен үмітпен өмір сүреді.

Ол болашақ хирургтарға «медицинада ұсақ-түйек болмайды» деген қағиданы жиі қайталайды. Кейде адамның өмірі дәрігердің байқамадығына, бір шешіміне немесе бір минуттына тікелей байланысты.

– Адам өмірінде түрлі марапаттар мен атақтар болады. Бірақ, дәрігер үшін ең үлкен марапат – емделіп шыққан адамның алғысы. Адам кейде бір жұтым жақсылыққа зәру болып қалады. Ал, біздер қағылзденіп барамыз, – деп ой тұжырады Қайрат аға.

Отыз төрт жыл бойы ол операциялық шамның жарығында талай тағдыр үшін күресті. Ғылымға қызмет етті. Шәкірт тәрбиеледі. Медицинаның дамуына үлес қосты. Сөйте тұра, қарапайымдылығынан айнымай жылы сөздің өзінде жылғадағы судай шифа барын айтып жүреді шәкірттеріне. Қарағанды медицина университетінің аудиторияларында оны жүздеген студент жыға таниды.

Шәкірттері оның талапшылдығын жиі айтады. Задьнда, мұндай тастүйін талапшылдықтың қыр соңында үлкен қамқорлық жатқанын бәрі жете ұғынады. Себебі, ертен операциялық үстелдің жанында тұратын – сол жастар. Ал, хирургтің қатесін өмір кешірмейді. Сондықтан, профессор әр студенттің бойына ең алдымен жауапкершілік сезімін сіңіруге тырысады.

Бұл – үлкен жауапкершілік. Бір ғана хирургтің емес, тұтас ұжымның жұмысы оның назарында. Көрсетілетін медициналық көмектің сапасы, бөлімшелер арасындағы өзара байланыс, күрделі жағдайларды талқылау, бәрі – күнделікті жұмыстың бір бөлігі. Алайда, басшылық қызмет оны операциялық үстелден тым алыстатпайды. Қайрат аға ең алдымен дәрігер болып қалды. Жоғары лауазым адамның мәртебесін өсіруі кәдік. Ал, дәрігердің беделін тек науқастың сенімі ғана өсіреді. Ақ халатты абзал жан тегінде мансап иесі де, миллионер болуды да көксемейтінін Қайрат Танабайұлының есіл ғұмыры дәйектеп келеді. Кейіпкеріміз осы ақиқатты терең түсінеді.

Сурет автордың жеке мұрағатынан

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қыс шанасын жаз сайлаған

«Қыс шанаңды жаз сайла» демекші, Бұқар жырау ауданында алдағы 2026-2027 жылдың қысқы жылыту маусымына дайындық жұмыстары қызу жүргізіліп, қарқын алууда. Бұл кезеңде аудан бойынша 1 орталық қазандық (Қушоқы кенті) пен 105 автономды жылу жүйесі, соның ішінде, тұрғын үй секторын жылытатын 7 модульді қазандық (Ботақара кентінде – 4, Ғабиден Мұстафин кентінде –1, Доскей ауылында –1, Үштөбе ауылында –1) пайдаланылатын болады.



ERJAN ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Орталықтандырылған жылу жүйесімен аудандағы 184 көп-пәтерлі үйдің 94-і, яғни 51 пайызы қамтамасыз етіледі. Мұнда 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін барлық белгіленген шаруаларды аяқтаудың іс-шаралар жоспары мен кестесі бекітілген.

Қазақстан Премьер-Министрінің хаттамалық тапсырмасын орындау аясында тіршілікті қамтамасыз ету нысандарын меншікке беру бойынша аудан аумағындағы барлық жылумен жабдықтау нысандары Ботақара су қожалығы балансына, соның ішінде, жоғарыдағы 1 орталық және 7 модульді қазандық берілді.

– Бүгінде осы нысандардың барлығына ревизия жүргізіліп, ақау актілері жасалды, – дейді «Ботақара су қожалығы» КМК директоры Данияр Қарамолдин, – Анықталған ескертулерге сәйкес алдағы жылыту маусымына әзірлікке кірісіп, соған қажет ма-

териалдарды сатып алып, жөнделу-қалпына келтіру жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес атқарылууда. Жылыту маусымына дайындық барысында қазандықтар мен жылу желілерінде жалпы сомасы 99,3 миллион теңгенің жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қушоқы кентінде салынып жатқан қуаты 20 МВт орталық қазандыққа арналған негізгі және қосалқы-технологиялық жабдықтаулық толық кешенін инвестор – «ДА-ИН» ЖШС өз қаражаты есебінен сатып алған. Қазіргі таңда аталған қазандық ғимаратының қаңқасы металл конструкцияларынан монтажданып, қабырғалары мен шатыры сендвич-панельдерден орнатылмақ. Бұл жерде әрқайсының қуаты 4 МВт болатын 5 қазандық, қуаты 11 МВт және 14 МВт болатын қабық-құбырлы жылуалмастырғыштар, көмір беру мен күл шығаруға арналған жәшіктер мен бункерлер қойылған.

Енді құрылыс-монтаж жұмыстарын толық аяқтап, осы қазандықты быылғы 1 қыркүйекке дейін пайдалануға беру жоспарланып

отыр. Аудан аумағында 54 білім беру, 37 денсаулық сақтау, 44 мәдениет, 6 спорт және ауылдық округ әкімдіктері мен мемлекеттік мекемелердің 25 нысаны болса, соның ішінде, білім беру ұйымдары бойынша 25 миллион теңгенің жұмыстары жоспарланған көрінеді. Бұл орайда Киров орта мектебінің қазандығы ауыстырылып, Ақтөбе орта мектебінің жылу жүйесіне ағымдағы жөндеу жүргізіліп, айналым сорғылары сатып алынбақ.

Мәдениет мекемелеріне бөлінген 40 миллион теңгеге Ростовка және Орталық ауылдарының Мәдениет үйлеріне блокты-модульді қазандықтар орнатылады. Сондай-ақ, ауданның барлық қазандықтары бойынша қысқа дайындық жұмыстары аясында су сорғыларына ревизия жүргізу, ысырма арматураларын тексеру, күрделі жөндеуді қажет етпейтін жабдықтаушы майлау және тарту, жылу жүйесін жуу және қысыммен тексеру (ақт толтыру арқылы), қазандықтар мен түтін мұржаларын күйден тазарту, әктеу және сырлау жұмыстары атқарылады.

Алдағы 2026-2027 жылдардағы қысқы жылыту маусымына ауданның бюджеттік ұйымдарының көмірге қажеттілігі 23,207 мың тоннаны құрайды. Сол көмірді сатып алу үшін конкур рәсімдері өткізіліп, жеткізушілер ретінде «Каз Тим Көмір» ЖШС мен «ОРС 7/8» ЖШС анықталған. Ал, білім беру және денсаулық сақтау нысандары қатты отынмен облыстық бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі. Аудандық бюджет есебінен көмірді сатып алу мен тасымалдауға 155,238 миллион теңге қарастырылды. Орталықтандырылған қазандықтар бойынша тұрғын үй секторын жылытатын қатты отынға қажеттілік 30,080 мың тонна көлемінде.

Электрмен жабдықтау да қыс мезгілінде бір мәселе болатыны анық. Өйткені, қазірде аудан бойынша аудандағы барлық электр желілерінің тозу деңгейі 80 пайыздан асады. Сондықтан, ағымдағы жылы «Қарағанды-Жарық» ЖШС жалпы сомасы 95 миллион теңгеге 145,4 шақырым электр желілерін және 114 КТП-ны жөндеуді бастады. «КРЭЖ» ЖШС Сарыарқа ауылында электр беру желілерінің 30 бағанасын ауыстыруды жоспарлап отырса, Қушоқы кентінде Майзек ауылына «Тұзды» қосалқы станциясынан электр беру желісінің құрылысы аяқталып, пайдалануға беріледі. Бұл мақсатқа аудандық бюджеттен 24 миллион теңге бөлінген. Сонымен, келер қыстың қаһарына осы бастан қамданған бұқаржыраулықтардың оны алаңсыз, жақсы өткізеріне күмән жоқ.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Топарда түпкілікті тұрақтады

Жоғары білімді жас маман Нәзира Зиябек осыдан екі жыл бұрын «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша Топар кентінде орналасқан Абай ауданының орталық ауруханасына жалпы тәжірибе дәрігері болып қабылданып, осында түпкілікті тұрақтап қалды.



факультетіне түседі.

Отбасында жалғыз бала болған оның бала күннен арманы ақ халатты дәрігер болу еді. Бұл ма-



ERJAN ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалғыз Нәзира ғана емес, елімізде осы бағдарлама басталған 2009 жылдан бүгінге дейін сол бойынша Абай ауданына әр саланың 615 маманы келіп, жұмысқа орналасып, 276 адам бюджеттік несие алса, соның 36 пайызын денсаулық сақтау қызметкерлері құрайды екен.

– Солардың арасынан бізге жұмысқа орналасып, осы күнге дейін жұмыс істеп жүрген дәрігерлер мен медбикелер жеткілікті. Мәселен, жалпы тәжірибе дәрігерлері Гүлжайна Келес, Михаил Татниев, Әсем Қанатқызы, Нәзира Зиябек, Жазира Балғабек, кардиолог Хайрулла Ахмадалиев, тағы басқаларының алды осында бірнеше жыл еңбек етіп, отбасыларымен түпкілікті тұрақтаса, соңғы жылдары қосылған жас мамандар да солардың жолын қуып, бізде біржола қалуға бекінген, – дейді «Абай ауданының орталық ауруханасы» КМК директоры Айгүл Бәшекбаева.

Міне, осы «Дипломмен – ауылға» бағдарламасымен аталған ауруханаға орналасқан Нәзира Зиябекті жұмыс орнынан тауып, оның да ойы Топарды тұрақты қоныс қылу екенін білдік.

– Мен мұнда келген екі жылдан аса уақытта мемлекетіміз бен үкіметіміздің жас мамандарға деген қамқорлығы мен көмегін көріп, анық сезіндім. 2023 жылдың қыркүйек айында келген бетте Абай ауданы әкімдігінен 365 мың теңге көтерме ақы мен үй сатып алуға 15 жылға 1 пайызбен 5 миллион 175 мың теңге несие беріліп, облыс әкімдігінен 5 миллион теңге бөлінді. Сол ақшаға Топар кентіндегі көпқабатты үйлердің бірінен 2 бөлмелі пәтер сатып алып, қазір отбасымызбен сонда тұрып жатырмыз, – дейді Нәзираның өзі.

Нәзираның айтуына қарағанда, ол қазіргі Түркістан облысы, Сайрам ауданының Аксукент ауылында туып-өсіп, сондағы Абылайхан атындағы орта мектепті 2013 жылы үздік бітіреді де, сол жылы оқуға бармай, бір жыл дайындалып, келесі жылы Қарағанды медицина университетінің жалпы медицина

мандықты қалауына ұзақ жылдар Манкент санаторийінің балшықпен емдеу бөлімінде медбике болып еңбек еткен анасы Баянның да ықпалы аз болмады.

Университетте оқып жүріп, 2018 жылы жерлесі Мейірбек деген жігітке тұрмысқа шығып, осындағы 5 жыл оқуын аяқтаған ол екіжылдық интернатураны Астана медициналық университетінде жалғастырды. Оны бітірген Нәзира одан әрі резидентурада бір жыл оқып, оны толық аяқтауға үлгермеген. Өйткені, бұл екі аралықта Көркем, Мәруа, Сафа есімді балалары дүниеге келіп, өзі Астана қалалық емханасында мамандығы бойынша істеп жүрген.

Сол кезде өзінен бұрын Топар кентіне қоныс аударып, осындағы аудандық ауруханаға жоғарыдағы бағдарлама бойынша жұмысқа орналасқан құрбысы Жазира Балғабектің шақыруы сеп болып, бұл да бағын сынап көруді ойлаған.

Осы шешіміне қазір еш өкінбейді де. Мұнда басшылық оны жақсы қарсы алып, қызмет те беріліп, баспаналы да болды. Жұбайы Мейірбекке де көршілес Қарабас станициясынан теміржолшы кәсібі табыла кетті. Екі баласының алды мектепке барып жүр.

Қысқасы, мемлекетіміздің жас мамандарды қолдауға арналған «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының шапағаты мен игілігін көріп отырған Нәзира Зиябек бүгінгі өміріне риза.

– Осы екі жылдан аса мезгіл ішінде бұл кентке үйреніп, сіңісіп кеткендейміз. Жері де, елі де жақсы. Өзім жалпы тәжірибе дәрігері болып істейтін учаскеде тіркелген 1606 адамның денсаулығы менің күнделікті бақылауымда. Шүкір, олардың арасында қауіпті, жұқпалы аурулар жоқ. Олар да маған қаралып, ем алған сайын жылы қабақ танытып, алғыстарын жаудырып жатады. Сондықтан, енді Топардан ешқайда көшкіміз келмейді. Амандық болса, алдағы уақытта резидентураға қайта түсіп, аяқтап алсам деген ойым бар, – дейді сөзінің соңында білікті дәрігер Нәзира Зиябек.

Абай ауданы

Суретті түсірген автор

Жаяу жүргіншінің қауіпсіздігі үшін

Балқаш қаласында жаяу жүргіншілерге жол бермейтін жүргізушілерді автоматты түрде тіркейтін жаңа аппараттық-бағдарламалық кешендер жұмысын бастады. Бұл туралы облыстық полиция департаментінің өкілдері хабарлады.

НҮРДӨС КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа бақылау камералары Ағыбай батыр және Ш.Уәлиханов көшелеріндегі үш білім беру мекемесінің маңына орнатылған. Атап айтқанда, олар Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицей, әл-Фараби атындағы мектеп және Абай атындағы №2 мектеп-лицей аумақтарындағы жол қозғалысын тәулік бойы бақылап отырады. Бұл учаскелерде оқу жылында оқушылар мен жаяу жүргіншілердің қозғалысы көп. Ал, жаңа



кешендер жол-көлік оқиғаларының алдын алып, сондай-ақ, мектеп маңындағы қауіпсіздікті сақтауға септігін тигізеді.

Тәртіп сақшылары жүргізушілерге жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауды ескертеді. Әсіресе, білім беру ұйымдарының жанында жылдамдықты

төмендетіп, жаяу жүргіншілер өткелінде адамдарға міндетті түрде жол беру қажет. Осыған байланысты полиция жүргізушілерді жол мәдениетін сақтап, барлық жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға шақырады.

Айта кетейік, жаңа бақылау

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

БАЛҚАШ

Сурет автордан

Тазалық – өркениеттің өлшемі

Аймақта республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Өңірдің қалалары мен аудандарында заңсыз қоқыс үйінділерін жою, көшелер мен қоғамдық орындарды абаттандыру, қоғаландыру бағытындағы игі бастамалар қарқын алып, елдімекендердің келбеті күннен-күнге ажарлана түседі. Соның бірі бағдарламаға ерекше үлес қосып отырған Шет ауданының халқы.

НҮРДӨС КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шет ауданында жыл басынан бері ауқымды тазалық жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде 72,4 мың тонна тұрмыстық қалдық шығарылып, қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз ету бағытында нақты қадамдар жасалған. Сонымен қатар, аудан аумағында екі мыңға жуық ағаш пен бұта көшеттері отырғызылған. Бұл жасыл желекті кө-

бейтіп қана қоймай, экологиялық ахуалды жақсартуға да оң әсерін тигізуде. Күз мезгілінде тағы үш мың көшет отырғызу жоспарланып отыр.

Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаровтың айтуынша, экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында заманауи бақылау құралдары да енгізілуде. Бүгінде Ақсу-Аюлы және Талды ауылдарында алты бейнебақылау камерасы жұмыс істеп тұр. Ал,



Ақадыр кентінде қосымша 15 камера орнату көзделген. Мұндай шаралар қоғамдық тәртіпті нығайтып, заңсыз қоқыс төгу деректерінің алдын алуға мүмкіндік береді. Ауданның санитарлық жағдайын жақсарту үшін қосымша қоқыс контейнерлері орнатылып, көшелерді жарықтандыру жүйелері жаңартылууда. Бұл жұмыстар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып, ауылдардың көркейе түсуіне ықпал етуде.

– Өңірде тазалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған сенбіліктер, «Таза бейсенбі» акциялары және түрлі экологиялық іс-шаралар тұрақты өткізіліп келеді. Солардың бірі – тұрғындардың белсенділігін арттырып, ауылдардың көркеюіне серпін берген «Үлгілі ауыл» байқауы. Байқау қорытындысы бойынша Босаға ауылдық округі үздік деп

Таза Қазақстан
жалпыұлттық экологиялық акция

танылып, үлгілі елдімекен ретінде көпшілікке өнеге болды, – дейді аудан әкімі Мұхит Мұхтаров,

Айта кетейік, тазалық – тек қоршаған ортаның ғана емес, қоғам мәдениетінің де айнасы. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар тұрғындардың тұған жерге деген жанашырлығын арттырып, экологиялық жауапкершілікті нығайтуға жол ашууда.

Шет ауданы

Сурет автордан

• КӨКЕЙКЕСТІ

ҰБТ: шынайылық пен әділдіктің ара-жігі

Қазақстандағы ұлттық бірыңғай тестілеу білім беру жүйесіндегі ең маңызды бөлік. ҰБТ тек мектеп бітірушінің емтиханы ғана емес, оның болашақ мамандығына, жоғары оқу орнына түсуіне, тіпті, өмірлік бағытына әсер ететін маңызды сынақ. Сондықтан, бұл жүйеге деген талап әрдайым жоғары. Әсіресе, тестілеу кезеңінде әділдік, шынайылық, дайындық сапасы және жекеменшік білім беру орталықтарының ролі туралы пікірталастар қоғам арасында күшейе түседі.

2026 жылғы ҰБТ басталғалы бері жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар қоғам назарын ерекше аударды. 10 мамыр мен 26 мамыр аралығында 8 оқушының максималды 140 балл жинауы әлеуметтік желілерде қызу талқыға түсті. Бір тарап мұны оқушылардың табандылығы мен жүйелі еңбегінің нәтижесі деп қабылдаса, екінші тарап «Осындай нәтижеге шынайы жолмен жету мүмкін бе?» деген күмән келтіреді. Бұл жағдай Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі ең өзекті сұрақтардың бірін қайта көтерді: ҰБТ қаншалықты әділ өтуде және жоғары балл шынайы білімнің көрсеткіші ме?

ҰБТ алғаш енгізілген жылдардан бастап, қоғамда оған қатысты екі түрлі көзқарас қалыптасты. Біріншісі, тестілеуді білімді бағалаудың тиімді әрі ашық жүйесі деп санайды. Өйткені, тест барлық оқушыға бірдей талап қояды. Тест арқылы бағалауда мұғалімнің субъективті пікірі әсер етпейді және нәтижелер автоматты түрде шығарылады. Екінші көзқарас бойынша, тестілеу оқушының толық білімін көрсете алмайды, кей жағдайда механикалық жаттауға немесе тест шешу техникасына тәуелді етеді. Соған қарамастан ҰБТ Қазақстандағы ең негізгі бағалау жүйесі болып қалып отыр.

Қазіргі кезде мемлекет ҰБТ-ның ашық әрі әділ өтуіне ерекше назар аударып келеді. Тестілеу орталықтарында камералардың орнатылуы, металл іздегіштердің қолданылуы, смартфон мен шпаргалкаға қатаң тыйым салынуы – соның дәлелі.

Сонымен қатар кейінгі жылдары бейнежазбаларды қайта тексеру тәжірибесі енгізілді. Яғни кез келген уақытта бейнежазбаны қайта тексеру кезінде оқушының тәртіпті бұзғаны байқалса, бұл оның нәтижелерінің өшуіне әкеледі. Мұндай шаралар қоғамдағы сенімді арттыру үшін қажет.

Жоғары балл жинаған әр оқушыға күмәнмен қарау дұрыс емес. 140 балл мүмкін емес нәтиже емес. Соңғы жылдары Қазақстанда білімге деген бәсеке күшейді. Көптеген оқушылар бірнеше жыл бойы тұрақты түрде дайындалады, қосымша әдебиеттер оқиды, онлайн платформаларды қолданады, күн сайын сынама тесттер шешеді. Кейбір оқушылар күніне бірнеше сағат бойы тек ҰБТ-ға дайындықпен айналысады. Мұндай еңбек міндетті түрде нәтиже береді. Сондықтан жоғары балдың артында үлкен тәртіп пен табандылық жатқанын да мойындау қажет.

ҰБТ төңірегіндегі тағы бір айтпай кетпесе болмайтын мәселе – жекеменшік дайындық курстарының ықпалы. Қазіргі таңда Қазақстанда жоғары білім беру орталықтарының саны айтарлықтай артты. Әсіресе ірі қалаларда ҰБТ-ға дайындайтын орталықтар үлкен индустрияға айналды. Көптеген ата-аналар балаларын «Достық», «Самға», «125» секілді ақылы мектептерге, оған қоса тағы «JUZ40», «Тарих мектебі», «Зерделі» секілді бірнеше курсқа қатар береді, себебі, жоғары балл жинаудың басты жолы – қосымша дайындық деп есептейді. Қоғамда «Бұл мәселе орта



мектептегі білімнің сапасына көлеңкесін түсіріп тұрған жоқ па?» деген сұрақ тұтызып жатыр.

Қазақстанның бұрынғы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов бұл мәселеге қатысты маңызды пікір білдірген болатын. Оның айтуынша, қосымша білім беру орталықтары белгілі бір деңгейде көмектескенімен, негізгі еңбек мектеп мұғалімдеріне тиесілі екенін айтты. Бұл пікірдің астарында үлкен мағына жатыр. Шынында да, мектеп тек ҰБТ-ға дайындайтын орын емес. Мектеп баланың тұлға болып қалыптасуына әсер етеді. Оның базалық білімін мектеп қалыптастырады.

«JUZ40» онлайн білім беру орталығының қызметкері ретінде айтар болсам, мектептің білімі ҰБТ-ны жоғары бағға тапсыруға көмектесе алмайды. Қазіргі таңда әрбір екінші оқушы қосымша курс алады. «JUZ40», «Зерделі» секілді курстар жоғары нәтиже көрсетіп жатқан оқушыларға курста оқуға

жеңілдік, жоғары оқу орындарында оқуға грант беріп, оларды жігерлендіріп жатыр.

Олардың негізгі мақсаты – тест нәтижесін көтеру. Олар көбіне нақты форматпен жұмыс істеуге үйретеді. Курстарда жиі кездесетін тапсырмалар талданады, тест шешу техникасы үйретіледі, уақытты басқару жолдары көрсетіледі. Бұл, әрине, пайдалы. Себебі, көптеген оқушылар мектеп бағдарламасын білсе де, тест форматына бейімделмеген болуы мүмкін. Курстар осы осалдықтың орнын толтырады.

Сонымен қатар, жекеменшік орталықтардың психологиялық әсері де маңызды. ҰБТ алдында көптеген түлектер күйзеліске түседі, өзіне сенімсіз болады. Ал, курстарда мотивациялық жұмыстар, тұрақты бақылау және жиі жай-күйін бақылау үшін сауалнамалар ұйымдастырылады. Бұл оқушының психологиялық қысымға түспеуіне көмектеседі. Кей жағдайда курс

мұғалімдері оқушыға мектептегі мұғалімнен де жақын болып кетеді, себебі олар тек балл үшін емес, бала үшін жұмыс істейді.

Қарағанды облысының тестілеу орталығы мәліметінше, 2026 жылғы нағыз ҰБТ-ны тапсыруға 10755 адам өтініш тастаған. Екі мүмкіндікті қатар есепке алатын болсақ, 19624 өтініш қабылданды. Бұл тек Қарағанды облысы бойынша статистика. Қазақстан бойынша, ҰБТ тапсыруға 240000 түлек өтініш тастаған. Әрине, 240000 түлектің барлығы грантка түсе алмайды. Жыл сайын талапкерлер саны артып, мемлекеттік грантка бәсеке жыл сайын күшейіп жатыр.

Бұл жерде туындайтын тағы бір маңызды мәселе оқушылардың мектепті екінші орынға қоюы. Егер оқушы барлық үмітін тек курсқа артса, онда мектептің тәрбиелік және білімдік ролі әлсіреуі мүмкін. Сондықтан, мектеп пен курсты бір-біріне қарсы қою дұрыс емес. Екеуі

бірін-бірі толықтыруы керек. Мысал ретінде, «JUZ40», онлайн курсы мен Қызылорда қаласындағы №127 Ш.Уәлиханов атындағы лицейді көрсетуге болады. 127 мектеп оқушысы Алтынсары Каусар Ұлттық Бірыңғай тестілеуді тапсырып, максималды 140 балл негері атанды. Оқушы соңғы екі жыл бойы, яғни 10-11 сынып бойынша JUZ40 онлайн курсына қосымша білім алған. Екі білім беру орталығы бір-бірін құттықтап, әлеуметтік желіде сыйлықтармен, Алғас хаттармен алмасқанымен бөлісіп жатыр. Бұл «сен, мен» деп жарысу емес, екі жақтың да тең болуы және оқушының еңбегін бірінші орынға қоюдың үлгісі.

Шын мәнінде, жоғары нәтиженің негізі мектепте қаланады. Егер оқушыда 5-10 жыл бойы қалыптасқан базалық білім болмаса, бірнеше айлық дайындық үлкен нәтиже бере алмайды. Курстар тек сол білімді жүйелейді, бекітеді және тест форматына бейімдейді. Сондықтан, ҰБТ-дағы жетістік – ең алдымен оқушының ұзақ жылдық еңбегінің нәтижесі.

Мәжіліс депутаты Ерболат Саурықовтың айтуынша, «Егер тестілеудің орнына барлық түлектерге жалпы сауаттылық деп диктант алатын болсақ жүз мыңдаған жазуды кім тексереді, әрі қаншалықты әділ тексереді, қайтадан жазып алып кел деген адами фактор орын алмай ма?» деген пікірін білдіріп отыр. Американың Құрама Штаттарында оқушының шығармасының мазмұны мен сауаттылығын жасанды интеллект арқылы тексеру тәжірибесімен бөлісті. Жасанды интеллект объективті түрде әр оқушының жұмысын тексеріп қана қоймай, адамдардың жұмысын жеңілдетеді. Бұл жасанды интеллекттің қолданудың ең дұрыс жолы.

Ділназ ҚАППАРОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті
Сурет ҰБТ орталығының парақшасынан

• ТАНЫМ

Ұмыт қалған рухани мекендер

Өткен жазда қазақтың біртуар перзенті, әнші-композитор, ақын, сал-сері Жаяу Мұса Байжанұлының кесенесіне барып қайттым. Жаяу Мұса мазары негізінен Павлодар облысы Баянауыл ауданы Мұрынтал ауылынан 10 шақырым жерде орналасқан (географиялық координаталар N50°17'16,38" E75°05'47,82"). Ал, Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Шалқар ауылынан 15 шақырым жерде.

Бұған дейін оның дәл осы жерде жерленгенін білмеген екенмін. Ұлы тұлғаның 190 жылдығына орай жаңадан бой көтерген кесене алыстан менмұңдалап көрінгенімен, оған жеткенше көңілде қуанышпен қатар қынжылыс та пайда болды. Кесенеге апаратын жолдың жағдайы көңіл көншітпейді. Бағыт көрсететін белгілер аз, инфрақұрылым жоқтың қасы. Алыстан келген адамға бұл жерді табудың өзі оңай емес. Мұндай жағдай тек Жаяу Мұса кесенесіне ғана тән емес.

Жаяу Мұса ауылының тұрғындары мерейтойды ерекше деңгейде ұйымдастырады. Ат жарысы, көкпар, концерттік бағдарлама, алыстан келген қонақтар – бәрі де халықтың өз перзентіне деген құрметін аңғартты. Ауыл азаматтарының ұйымшылдығы мен жанашырлығы сүйсінеті. Бірақ, сол күні ойға бір сауал қайта-қайта орала берді: неге осындай ұлы тұлғалардың жатқан жеріне жету қиын?

Қазақстанның ұлт тарихында өшпес із қалдырған тұлғалардың кесенелері, туған жерлері мен тарихи орындары бар. Алайда, олардың басым бөлігі шалғайда орналасқандықтан, көпшілікке беймәлім күйінде қалып отыр. Кейбіріне баратын жол жоқ, кейбірінің маңында қарапайым инфрақұрылым да қарастырылмаған. Нәтижесінде бұл орындар ғылыми айналымнан да, туристік маршруттардан да тыс қалып келеді.

Ең көкініштісі – мұндай орындарды көбіне жергілікті ауыл тұрғындары ғана күтіп ұстайды. Олар қолдан келгенше тазалап, қорғап, келген қонақтарға жол көрсетіп жүреді. Алайда, ұлттық деңгейдегі тари-



хи мұраны сақтау міндеті тек ауыл азаматтарына жүктелмейді тиіс. Бұл – мемлекеттің, жергілікті атқарушы органдардың және мәдениет саласына жауапты мекемелердің ортақ міндеті.

Біз соңғы жылдары туризмді дамыту туралы көп айтамыз. Түрлі бағдарламалар қабылданып, жаңа бағыттар ұсынылуда. Бірақ, туризм тек қонақүй мен демалыс аймағынан тұрмайды. Әлемнің көптеген елдері тарихи тұлғалары арқылы турист тартады. Адамдар белгілі қайраткерлердің өмір сүрген жерлерін көруге, олардың мұрасымен танысуға кызығады. Бұл – мәдени туризмнің негізгі қағидаларының бірі.

Шын мәнінде, тарихи орындарға апаратын жолдың нашарлығы – тек жол мәселесі емес. Бұл – ұлттық жады деген көзқарастың көрсеткіші. Егер халық өз ұрпақтарының жатқан жеріне жете алмаса, олардың өмірі мен мұрасымен таныса алмаса, онда тарихи сабақтастық әлсірейді.

Бүгінде көптеген елдер тарихи тұлғалардың кесенелері мен мемориалдық кешендерін тұтас мәдени орталықтарға айналдыруда. Мысалы, Аустрияда әлемге әйгілі композитор Вольфганг Амадей Моцарттің өмірі мен шығармашылығына арналған музейлер мен мәдени орталықтар жыл сайын мыңдаған туристі қабылдайды. Ресейде Лев Толстойдың «Ясная Поляна» музей-қорығы жазушы тұрған үйді ғана емес, тұтас тарихи-мәдени кешенді қамтиды. Нәтижесінде тарихи тұлғалардың мұрасы тек сақта-

лып қана қоймай, ел экономикасына табыс әкелетін маңызды туристік ресурсқа айналған.

Ал, Жаяу Мұса кесенесі орналасқан аймақтың мүмкіндігі бұдан әлдеқайда жоғары. Мұнда шағын музей ашуға, тарихи маршруттар әзірлеуге, ақпараттық белгілер орнатуға, туристерге арналған сервистік нысандар салуға толық мүмкіндік бар. Сонда бұл жер тек мерейтой кезінде ғана емес, жыл бойы келушілер үзілмейтін рухани орталыққа айналар еді.

Қазіргі таңда ауыл тұрғындары өз қуштерімен сақтап отырған мұндай тарихи орындар мемлекет назарынан тыс қалмауы қажет. Әкімдіктер тарапынан тұрақты бақылау орнатылып, инфрақұрылым мәселесі кезең-кезеңімен шешілуі тиіс. Өйткені, тарихи мұраны сақтау – тек өткенді құрметтеу емес, болашаққа инвестиция салу.

Біз көбіне тарихи орындарды алыстағы шетелдерден іздейміз. Өз жеріміздегі қасиетті мекендердің біразынан көпшілік мақұрмын. Егер ұлттық туризмді дамытуға, осындай мекендер жаңғырса керекті.

Ұлы адамдардың аты ұлықталған жерде ұлттың рухы биіктейді. Сондықтан мәселе бір ғана Жаяу Мұса туралы емес. Мәселе – қазақ даласының әр түпкірінде жатқан тарихи жадымыздың тағдырында.

Жансая ҚОПОБАЕВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті
Сурет Ернар Кейкіннің мұрағатынан

• ЭКОЛОГИЯ

Орман өртінің алдын алу – маңызды

Табиғат – адамзатқа берілген ең ұлы қазына. Оның әрбір ағашы, әрбір бұлағы мен әрбір орманы – келер ұрпаққа аманат. Сондықтан табиғатты қорғау мәселесі қай кезеңде де өзектілігін жоғалтқан емес. Әсіресе соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде орын алып жатқан орман өрттері экологиялық қауіпсіздік мәселесінің қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетіп отыр.

Қарағанды облысының табиғаты көркем өңірлерінің бірі – Ақтоғай ауданына қарасты Шабанбай би ауылы. Бұл өлке өзінің ну ормандарымен, сұлу табиғатымен және таза ауасымен ерекшеленеді. Жаз айларында ауылға демалушылар мен туристердің көптеп келуі де соның дәлелі. Алдыстан алу әлдеқайда тиімді әрі маңызды.

Бүгінде мемлекет тарапынан орман қорын сақтау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Орман шаруашылығы қызметкерлері тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырып, өрт қаупі жоғары кезеңдерде бақылауды күшейтеді. Дегенмен, табиғатты қорғау тек арнайы мамандардың міндеті емес. Бұл – әрбір азаматтың ортақ парызы.

Шабанбай би ауылының орманды алқаптары ауданның ғана емес, бүкіл өңірдің мақтанышы саналады. Сондықтан ауыл тұрғындары мен қонақтары табиғат аясында демалған кезде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауы қажет. Орман ішінде арнайы белгіленбеген жерлерде от жағуға болмайды. От жағылған жағдайда оның толық сөндірілгеніне көз жеткізу керек. Қоқысты бейберекет тастамау, жанғыш заттарды қалдырмау және балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіру – әр адамның күнделікті дағдысына айналуы тиіс.

Экологиялық мәдениет отбасынан басталады. Табиғатты қорғауға тәрбиеленген бала ертең қоршаған ортаға жанашыр азамат болып қалыптасады. Сондықтан жастар арасында табиғатты қорғау

тек ағаштар ғана жойылмайды. Құстардың ұялары, жабайы жануарлардың мекені, сирек кездесетін өсімдіктер де отқа оранады. Өрттен кейін табиғи ортаның қалпына келуі үшін ондаған жылдар қажет болуы мүмкін. Сондықтан өрттің салдарын жоюдан гөрі оның алдын алу әлдеқайда тиімді әрі маңызды.

Бүгінде мемлекет тарапынан орман қорын сақтау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Орман шаруашылығы қызметкерлері тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырып, өрт қаупі жоғары кезеңдерде бақылауды күшейтеді. Дегенмен, табиғатты қорғау тек арнайы мамандардың міндеті емес. Бұл – әрбір азаматтың ортақ парызы.

Шабанбай би ауылының орманды алқаптары ауданның ғана емес, бүкіл өңірдің мақтанышы саналады. Сондықтан ауыл тұрғындары мен қонақтары табиғат аясында демалған кезде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауы қажет. Орман ішінде арнайы белгіленбеген жерлерде от жағуға болмайды. От жағылған жағдайда оның толық сөндірілгеніне көз жеткізу керек. Қоқысты бейберекет тастамау, жанғыш заттарды қалдырмау және балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіру – әр адамның күнделікті дағдысына айналуы тиіс.

Экологиялық мәдениет отбасынан басталады. Табиғатты қорғауға тәрбиеленген бала ертең қоршаған ортаға жанашыр азамат болып қалыптасады. Сондықтан жастар арасында табиғатты қорғау

бағытындағы тәрбиелік шараларды жиі өткізу маңызды. Мектептерде, мәдениет мекемелерінде және қоғамдық ұйымдарда өткізілетін экологиялық акциялар мен түсіндіру жұмыстарының маңызы зор.

Халқымыз ертеден-ақ табиғатты қастерлей білген. «Бір тал кескен, он тал ек», «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген нақыл сөздер соның айғағы. Бұл даналық бүгінгі күні де өз мәнін жоғалтқан жоқ. Табиғатқа деген жанашырлық – туған жерге деген сүйіспеншіліктің көрінісі.

Қазіргі таңда туризмді дамыту – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Алайда, туризм табиғатқа зиян келтірмей, керісінше, оның сақталуына ықпал етуі тиіс. Демалуға келген әрбір азамат қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарап, орманды таза ұстауға және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға міндетті.

Табиғат – бізге ата-бабадан жеткен мұра ғана емес, болашақ ұрпақтың да еншісі. Сондықтан жасыл желкелі сақтау, орман өрттерінің алдын алу және экологиялық мәдениетті қалыптастыру – баршамыздың азаматтық міндетіміз. Бүгінгі жауапкершілік пен қамқорлық ертеңгі ұрпақтың жарқын болашағына қызмет етеді.

Жалын шарпымаған жасыл орман, мөлдір бұлақ пен құстардың әсем үні – табиғатты аялаған елдің ғана байлығы. Ендеше, туған өлкеміздің көркін келтірген орман алқаптарын көздің қарашығындай сақтап, өрт қауіпсіздігі ережелерін мұлткізсіз орындайық. Өйткені, орманды қорғау – өз өмірімізді, өз болашағымызды қорғау деген сөз.

Еркебұлан АЙТЖАН,
Қызылорда орман шаруашылығының бірінші үлгідегі өрт сөндіру станциясының радиооператоры

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 0,941 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул. Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739.

№136

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

К

• ДӘСТҮР

Қазақтың қымызы Алексейге жат емес

Аудан әкімі Бақытжан Мұқанов Қарқаралыда өткен аймақаралық «Baï Qymyz-2026» этно-гастрофестиваліне қатысып, нұрлы Нұраның абыройына асқатқан кәсіпкерлермен кездесті. Жүздесу барысында өңір басшысы қазақтың дәстүрлі суынын әзірлеп, даңқын шығаруға үлес қосып жүргендерге арнайы сый-сияпаттар тарту етті.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Даңқы алысқа жайылған фестивалға Нұра ауданы атынан қатысып, іске үлкен жауапкершілікпен қарап, тынымсыз еңбек атқаруы нәтижесінде сапалы суын әзірлеп, еліміздің үздік қымыз өндірушілері қатарынан табылған Ахмет ауылының жеке кәсіпкері Алексей Ефремовке ерекше алғыс жаудырылды. Осы айдың басында Қарқаралыда ұйымдастырылған «Baï Qymyz-2026» этно-гастрофестиваль жылдың ең ауқымды мәдени-гастрономиялық оқиғаларының бірі болып тарихқа енетіні белгілі. Оған Қазақстанның әр өңірі 30 тоннадай қымыз ұсынып, 20 мыңнан астам адам дәм татты. Фестиваль қонақтары қазақ халқының бай салт-дәстүрімен, мәдениетімен танысты.

«Елдің үздік қымыз әзірлеушісі» атағын иелену үшін алдын ала іріктеу мен зертханалық тексеруден өткен 37 қатысушы бақтарын сынады. Нұра ауданының өкілі А.Ефремов солардың қатарынан табылды. Гастрофестиваль қорытындысы бойынша кәсіпкердің өніміне сарапшы-



лар жоғары баға беріп, Алексей Ефремов «Нәтиже» компаниясының Алғыс хаты мен 250 мың теңге ақшалай сыйлығына ие болды. Ең бастысы, бұл марапат – Нұраның қымызына және оны өндіруші кәсіпкер жұмысының сапасына берілген баға.

Кездесу барысында Бақытжан Мылтықбайұлы әлеуметтік желі арқылы кәсіпкерге қолдау көрсетіп, Нұра өңіріне жұрттың назарын аударған Аида Бөстекбаева мен Серік Кәрімовке Алғыс хаттар табыс етті.

Сурет автордан

• ЖӘДІГЕР

Бір сөмке, бір тарих

Балқаш тарихи-өлкетану мұражайында Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері Мағрипа Қазбекова ұстаған былғары сөмке сақтаулы. Құнды жәдігерді мұражайға дәрігердің туыстары тапсырған.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мағрипа Қазбекова қазақ қыздарының арасында алғашқылардың бірі болып жоғары медициналық білім алған. Алайда 1938 жылы саяси қуғын-сүргінге ұшырап, Ақмоладағы «АЛЖИР» лагеріне жеберілді. Бостандыққа шыққаннан кейін Балқашқа келіп, БалқашЛАГ ауруханасында және қалалық ауруханада дәрігер болып еңбек етті. Ол қиын кезеңде көптеген тұтқындарға медициналық көмек көрсетіп, адам өмірін сақтап қалуға үлес қосты. 1955 жылы ақталған

дәрігер медицина саласындағы ерен еңбегі үшін бірнеше мемлекеттік марапатқа ие болды. 1966 жылы оған «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері» атағы берілді. Қаладағы Қазыбекова көшесі осы кісінің құрметіне қойылған.

– Мұражайда сақталған бұл жәдігер дәрігердің өмір жолы мен халыққа жасаған қалтқысыз қызметінен сыр шертеді. Бұл – саяси қуғын-сүргін жылдарында адам өмірін сақтауға бар күшін салған жаннан қалған құнды мұра, – дей-



ді Балқаш тарихи-өлкетану музейінің қызметкері, тарихшы Дәулет Қожақов.

БА.ЛҚАШ

Сурет автордан

• ФЕСТИВАЛЬ

«Елдестіркем елшіден...»

Қарағандыда халықаралық деңгейдегі ауқымды мәдени-білім беру шарасы – «Freedom 250 Fest» фестивалі өтті. Америка Құрама Штаттарының Тәуелсіздігіне 250 жыл толуына орайластырылған шара келушілерге ұмытылмас әсер сыйлап, америкалық мәдениетпен, біліммен және ғылыммен жақынырақ танысуға бірегей мүмкіндік туғызды.

Әрбір қонаққа кіреберісте арнайы буклеттер таратылып, ерекше квест-ойын басталды. Ереже бойынша, фестиваль аумағындағы барлық интерактивті аймақтарды аралап, мөр жинаған қатысушыларға соңында бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Шараның мақсаты мен маңызы туралы Қарағандыдағы Америкалық бұрыштың үйлестірушісі әрі Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері Толқын Жармағанбетова таныстырып, кеңінен тоқталды.



– Бұл ауқымды шара Америка Тәуелсіздігінің 250 жылдығына және АҚШ пен Қазақстан арасындағы дипломатиялық серіктестіктің 35 жылдығына арналып отыр. Біздің басты мақсатымыз – Аме-

рика тарихы мен дәстүрлерін заманауи инновациялармен, біліммен ұштастыру, сондай-ақ, Қазақстан мен АҚШ халықтары арасындағы болашаққа бағытталған достық байланысты нығайту. Жалпы,

Америкалық бұрыштар – АҚШ Елшілігінің қолдауымен Қазақстан өңірлеріндегі қоғамдық кітапханалар базасында жұмыс істейтін мәдени және білім беру кеңістігі. Қарағандыдағы Америкалық бұрыштың Н.В. Гоголь атындағы кітапханамен серіктестік орнатқанына биыл тура 20 жыл толды, – деді Толқын Сағынтайқызы.

Фестиваль аясында арнайы шақырылған төрт спикер сөз сөйлеп, тәжірибесімен бөлісті. Солардың қатарында English Language Fellow бағдарламасының қатысушысы Джон Марушак өзінің Қазақстандағы ерекше тәжірибесі туралы айтып берді. Іс-шара барысында «Education zone» (Білім аймағы) шеңберінде халықаралық IELTS, SAT, GMAT емтихандарына арналған жаңа әдебиет көрмесі ұйымдастырылған. Ағылшын тілінде қызықты квіздер мен сөз табу ойындары да өтті. Сонымен қатар, коворкинг кеңістігінде арнайы шақырылған спикерлер – «Open World» бағдарламасының түлегі, журналист Руслан Телегин, «Global UGRAD» бағдарламасының түлегі Татьяна Голубцова және жоғары білім беру жөніндегі маман Айгерім Қожамбергенова да сөз

алып, тыңдаушылардың қызығушылығын тудырды.

Технология әуесқойлары үшін «Steam Lab» аймағы нағыз жаңалық болды. Мұнда қатысушылар қағаздан берік көпір тұрғызып, оны төзімділікке тексерді. Датабот пен жасанды интеллектің көмегімен қоршаған орта мәліметтерін талдауды үйренді. Ал, «Space Zone» аймағында болса, келушілер телескоппен аспан әлемін бақылап, ғарыш туралы қызықты викториналарға қатысты. «Game Zone» алаңында виртуалды шындық (VR) көздіріктері мен графикалық планшеттер арқылы заманауи турнирлер ұйымдастырылды.

Іс-шара соңында квест жеңімпаздары мен белсенді қатысушылар бағалы сыйлықтармен, сертификаттармен марапатталды. Фестиваль тек мерекелік шара ғана емес, екі ел арасындағы мәдени байланысты нығайтқан, білім мен ғылымды насихаттаған өнегелі жобаға айналды.

Ділінар ЕРМЕК,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Сурет автордан

• КӨРМЕ

Көркем өнер көкжиегі

Облыстық бейнелеу өнері музейінде Қарағанды қаласындағы №1 балалар көркемөнер мектебі түлектерінің қорытынды шығармашылық жобаларын қорғау көрмесі өтті. «Түлек – 2026» атты дәстүрлі шара аясында 39 түлек төрт жылдық білімдерінің нәтижесін көпшілік назарына ұсынды.



Музей мен мектеп арасындағы көпжылдық ынтымақтастық аясында ұйымдастырылған бұл экспозицияға оқушылардың композиция пәні бойынша орындаған үздік туындылары қойылды. Түрлі техника мен көркемдік стильдегі жұмыстар жас дарындардың кәсіби даярлығы мен өзіндік қолтаңбасын айқын көрсетті. Картиналардың басым бөлігі туған өлкенің тарихы мен мәдениетіне, ұлттық дәстүрлер мен рухани құндылықтарға арналған. Түлектерді бұл белеске педагогтер Әлия Сарымсақова мен Ольга Иващенко жетелеп әкелген.

Мектеп директоры Еркін Темірғалиевтің айтуынша, 1968 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан білім ордасы жарты ғасырдан астам тарихында талай дарынды суретшіні тәрбиелеген.

– Мектептің іргетасы 1968 жылы қаланған. Мұнда балалар 5 жастан бастап қабылданып, 11 жасқа дейін даярлық топтарында оқиды. Ал, 12 жастан бастап, негізгі сыныпқа ауысып, төрт жыл бойы кәсіби білім алады. Бүгін, міне, сол төрт жылдық еңбектің қорытындысы ретінде түлектеріміз өздерінің дипломдық жобаларын қорғап, комиссия бағасын алуда, – деді директор.

Көрмеде 4 «Б» сынып оқушысы Адия Құдайбергенованың «Дәстүрлер тізбегі» атты дипломдық жобасы ерекше көз тартты. Қазақтың сырға салу салтын шынайы бейнелеген жас суретші өз әсерімен бөлісті.

– Сурет салумен алты жасым-

нан бері айналысамын. Бұл жұмысты қаңтар айынан бастап дайындадым. Бала күнінен отбасылық жиындар мен тойларға жиі қатысатыным. Әсіресе, биыл өзім куә болған сырға салу рәсімі жадымда ерекше сақталып қалды. Сол әсерлі сурет арқылы жеткізім келді. Болашақта сәулетші болғым келеді, – дейді Адия.

Тағы бір әсерлі туынды – 16 жастағы Анастасия Александрованың гуашь техникасымен салынған «Алтыбақан» картинасы. Ұлттық құндылықтарды, табиғат пен ұрпақ сабақтастығын дәріптеген автор да өз әсерін іркіп қалмады.

– Сурет өнеріне бес жасымда келдім. Бұл туындыдағы алтыбақанда тербелген қыздар – жастық шақ пен еркіндікті, ал, киіз үй мен таулар – құт-береке мен халықтың биік рухын білдіреді. Осыған дейін де түрлі шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Болашақта киім дизайнері болуды жоспарлап отырмын, – дейді Анастасия.

«Түлек – 2026» көрмесі жас суретшілердің өнерге деген сүйіспеншілігі мен табандылығын дәлелдеді. Ал, түлектерге мектепті бітіргені туралы куәліктер салтанатты түрде табысталды. Айта кетейік, көрме 17-22 маусым аралығында жұмыс істейді.

Нұрғұл РЫМБЕК,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Сурет Облыстық бейнелеу өнері мұражайынан

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,

Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда

№ KZ18VPY00030163 кәулігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе

41-26-82, 43-57-88

телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,

БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 108

№65 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН